Әдебиет — ардың ісі

Ұш қоңыр

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ

Газет 2010 жылдың 19 наурызынан шыға бастады www.ush-konyr.kz №2 (521) 15 қаңтар 2021 жыл

Адам баласы дүниеге патриот болып келмейді.

Человек не рождается патриотом.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласынан

Тәуелсіздік – киелі ұғым. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деп туған халқына келелі ой қозғар кесек мақала арнауы – Ел Президентінің перзенттік, азаматтық парызы. Парыз. Мағынасы телегей терең ұғым. Перзенттік парыз. Азаматтық парыз... Өз тұсында қазақ әдебиетінің абызы, классик жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов ақсақал экологиялық проблеманы көтерген «Сең» туындысын орыс тіліне аударып, шығармаға лайықты атау беруде ойланып-толғанып, ұзағырақ жүріп қалады. Кейін «Парыз» («Долг») деп ат беріп, айдар таққанда, ел азаматтары «О, бұл іспетті проблеманы көркем әдебиетте көтере білу – нағыз азаматтық парыз емес пе!» деп қол соққаны белгілі. Ендеше, Мемлекет басшысының, өмірлік тәжірбиесі ұланғайыр Елтұтқаларының, ақсақал ардагер ағаларымыздың бүгінгі жаңа ұрпаққа Тәуелсіздік құндылықтарының тағылымы турасында ой өруі – парыз іс.

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ

Ел Президентінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы «Бағдар мен белес», «Таным мен тағылым», «Қоғам мен құндылық», «Ұлағат пен ұстаным» секілді төрт бөлімнен тұрады. Мақала мазмұнына дендеп енбестен бұрын, «бағдар», «белес», «таным», «тағылым», «қоғам», «құндылық», «ұлағат», «ұстаным» ұғымдарына үңілейікші. Ұлттық менталитетімізге тән ұғымдар, ұлттық межелер. Аталған ұғымдар астарына бойлай келе, оны қастерлі Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымен байланыстырғайсыз. Ойлантпай қоймайды. Шынында да, қастерлі Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығында ұстанған басты бағдарымыз қандай болды? Қандай белес-асулардан өте алдық? От пен судан өткен өткеліміздің танымы неде, тағылымы қандай? Қоғам қалай дамуда? Ұлттық қазақы құндылықтарымызды аяқ асты еттік пе, әлде құнын ескере, аялай білдік пе? Отыз жылдың ұлағаты неде? Ендігі ұстанымымыз не болмақ? Мемлекет басшысы аталған мақаласында осы ұғымдарға баса назар аударған. Турасын айтсақ, бағдары айқын елдің межелі нысанасы анық болады. Ел бағдары әлемдік бағыт үдесінде дамуы тиіс. Бағдарлы ел де белді белестерден өтері даусыз. Жазық та тегіс жерден сүрінгеннен сақтасын! Небір белесті бедерлердің танымдық тұрғыда жаңа білім қорын қосары әлемге аян. Осы жолда озық елдердің тәжірибесінен тағылым алғанға не жетсін!

Қоғам - жалпы алғанда біртұтас өзгеше бірлестіктегі, тар мағынасында жақсы танымал ұлттық бірлестіктегі адамдар тобы топтасқан өзіндік сан қилы күрделі орта. Осыншама күрделі қоғамның өркениетті дамуына бірден-бір септесер адамзатқа ортақ та, белгілі бір менталитеттен туындар сериалды ұлттық құндылықтардың да орны ерекше. Осы құндылықтардың ел дамуында жарқырай көрінер ұлағаты бәрінен бөлек. Ал ұстаным мәселесін жеке тұлғаға орайлас алсақ, өмірлік ұстаным – адамның дүниетанымдық, моральдық-психологиялық қасиеттері және оның қоғамға қарым-қатынасын білдіру арқылы көрінетін ішкі қағидасы дер едік. Жеке тұлғаның өзіндік өмірлік ұстанымы оның қоғамға, қоғамдық байлыққа тән көзқарас-пікірлерінен, іс-әрекетінен, қоғамдық қызметінен, өмірге көзқарасынан білінбек. Адамның өмірлік белсенді ұстанымы еңбек үрдісінде ғана айқындалып, шыңдала беки түспек. Айналып келгенде еліміздің мемлекет ретіндегі басты ұстанымы жеке азамат тұлғаларының азаматтық, адамзаттық ұстанымдарынан өрби дамымақ.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ қастерлі Тәуелсіздігіміздің 30 жылын қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес, көптеген халықтарға тән қиындығы мен

қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуірге балайды. Президент мақаласында еліміздің әрбір саналы азаматын «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекетті нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» тұрғысындағы сауалдар толғандырарын айта келе, азаттықтың алғашқы онжылдығын жаңа Қазақстанның іргетасын қалау кезеңі, екінші онжылдық – Қазақ елінің керегесін кеңейту кезеңі, үшінші онжылдық шаңырағымыздың биіктеп, өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналуымыз, ал төртінші онжылдық міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу деп пайымдауы ойға қонымды. Ақиқаты – осы үш онжылдықта атқарылған елдік істердің қомақтылығы. Мәселен, алғашқы онжылдықта Ата заңымыздың қабылдануы, ел аумағының ядролық қарудан толық тазартылуы, Елордамызды Арқа төсіне көшіруіміз, жастарымыздың әлемнің мандайалды оқу орындарында білім ала бастауының өзі неге тұрады? Қысқасы, осы іспетті игі де ізгі істердің нәтижесінде ел еңсесі тіктеліп, ұлттық рухымыз бір көтеріліп қалғаны айдай анық. Екінші онжылдықта «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асырып, тарихымызды түгендеуді өз қолымызға алуымыз, елімізге шет елден қомақты инвестиция тартуымыз, Есілдің жағасында бой көтерген еңселі елордамыздың ұлттық идеямызға айналуы, тұрғын үй құрылысының бұрынсоңды болмаған қарқынмен дамуы көңіл қуантады. Ал үшінші онжылдықта «Қазақстан – 2050» стратегиясын қабылдап, озық дамыған отыз елдің қатарына қосылуды межелеуіміз, «100 нақты қадам» секілді ауқымды бағдарламаны жүзеге асыруымыз, нәтижеде саяси және экономикалық реформалармен қатар халық қолдауына ие болған рухани жаңғыруға баса мән беруіміз ойымызды серпілтіп, бойымызды биіктетеді.

Жалғасы 7–бетте

СҮЙІНШІ !!!

Құрметті оқырмандар!

Жұмекен Сабыреденұлы НӘЖІМЕДЕНОВ 1935 жылғы 28 қарашада Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Қошалақ құмының Ашақ деген жерінде дүниеге келді.

1954 жылы Нұржау кеңесіне қарасты Ленин атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін 1954-55 ж.ж. «Жас қайрат» сегізжылдық мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. 1955-56 ж.ж. Қарағандыдағы № 33/34 шахтада комбайнердің көмекшісі болып істеді. 1956-59 ж.ж. Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясының халық аспаптар бөлімінде (домбырадан) дәріс алды. 1959-65 ж.ж. «Жазушы» баспасында редактор, 1965-66 ж.ж. «Лениншіл жас» газетінің әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі, 1966-71 ж.ж. Қазақстан Жазушылар Одағында әдеби кеңесші болып қызмет атқарды.

1971-73 ж.ж. Москва қаласындағы М. Горький атындағы Әдебиет институты жанындағы Жоғарғы Әдеби курсты бітірді. 1974-78 ж.ж. Қазақ Мемлекеттік кітап саудасы жөніндегі комитетінде редактор, 1978-83 ж.ж. «Мектеп» баспасының тарих және география бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1983 жылы қараша айында дүниеден өтті.

Қазақтың көрнекті ақыны, республика әнұраныны авторларының бірі Жұмекен НӘЖІМЕДЕНОВТІҢ 85 жылдығына орай «ЖҰМЕКЕН» атты әдеби-танымдық журнал шығару туралы Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы куәлік беруге (№KZ72VPY00031034 берілген күні 12.01.2021ж.) шешім шығарды.

Бүкіл республика оқырмандарын жаңа «ЖҰМЕКЕН» атындағы әдеби-таным журналының тұңғыш дүниеге келуімен құттықтаймыз! «ЖҰМЕКЕН» журналының құрылтайшысы «Болат медиа» мекемесінің бас директоры Болат БАТЫР.

Журналдың бас редакторы болып филология ғылымдарының докторы Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры Қадыр Өтегенұлы ЖҮСІП тағайындалды.

Республикалық «ЖҰМЕКЕН» атты әдеби-танымдық журналының бас редакторы – Жұмекентанушы Қадыр Өтегенұлы ЖҮСІП

Н.БАЙҒАНИН АТЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫНА 60 ЖЫЛ 2–бет

АҚСУДАН ҚАНАТ ҚАККАНДАР 2–бет

ӨЗІ ДЕ, СӨЗІ ДЕ КӨРІКТІ... 3–бет

КҮЙ ПАДИШАСЫ (поэма) 4-5–беттер

Н.БАЙҒАНИН АТЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫНА – 60 ЖЫЛ

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» деген сөздердің астарында үлкен мәнмағына жатыр. Шындығында, жас ұрпақтың бойына ұлттық мәдени құндылықтарды сіңіріп, халық игілігі үшін қызмет ететін, жан-жақты дамыған, білімді, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлға тәрбиелесек іргесі мәңгілік ел боларымыз хақ. Ол үшін халқымыз алақанына салып аялаған асыл бабаларымыздың ғасырлар қойнауынан сыр шерткен баға жетпес даналық дариясы-рухани мұрасын өз деңгейінде насихаттасақ жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері сөзсіз.

Халқымыздың інжу-маржан жырларын көкірегіне тоқып, сақтаған әрі өзі де өмір сүрген заман келбетін жарасым-сұлулығымен, көркемдік сәулетімен, бояу-нақыштарымен байыта, түрлендіре, кеңейте жырлаған көрнекті жырау Нұрпейіс Байғаниннің туғанына биыл 160 жыл.

Қазақ халқы өзінің даму сатысында тарих сахнасына небір батырлар мен би-шешендерді, ақындар мен жыршыларды алып шыққаны белгілі. Солардың алдыңғы сапында халқының шексіз алғысына бөленген, заманында «Екінші Жамбыл» атанған жыршы, эпик ақын Нұрпейіс Байғанин ерекше тұрады. Олай дейтін себебім, ақынның асыл мұралары күні бүгінге дейін өз құндылығын жоймай, халықпен бірге жасасып, рухы биік, бірлігі мығым ел екенімізді тайға таңба басқандай айқындап тұр емес пе?

Нұрпейіс Байғанин халқының тарихын терең білетін, заман жайын толғайтын үлкен шежіреші ақын. Ол туралы жазылған кітаптар мен ғылыми-зерттеу жұмыстары да аз емес. Бізге жеткен деректерге қарағанда, Нұрпейіс Байғанин 1860 жылы Орал губерниясы, Темір уезіне қарасты (қазіргі Ақтөбе облысы,Темір ауданы) суы мол, шөбі шүйгін Сүлікті жерде Байғана мен Үміттің шаңырағында дүниеге келеді. Әкесі Байғана жоқшылықты көп көрген, Барсай, Досжан деген ірі байлардың қойын бағып күнелткен жалшы болса, анасы Үміт ақылына көркі сай ел таныған әнші, күйші болды. Өнерлі ананың бұл таланты бала Нұрпейістің бойына ақ сүтімен дарып, ақынның өлең-жырға, домбыраға құмарлығы бала кезі-нен бастау алды. Ол туралы ақынның мына бір өлең шумағынан аңғаруға болады:

Домбыра тартып, ән шырқап,
Жасымнан ақын атандым.
Думанды жырмен қыздырып,
Әнімді көптен оздырып,

«Бала жыршы» атандым...,- дей келе, өзі де өлеңді жанынан шығаруға әуестенеді. 16-17 жастар шамасында Нұрпейіс халық арасында «бала жыршы» атанып, құрметке бөленіп, ақын - жыршылар ұстанған ізгі дәстүрді жалғастырып, жыршылық жолына түсуге белді бекем буады. Байғана отбасының тұрмыс тауқыметі өнерлі баланың өз талантын жарып шығуына кедергі келтірмей, керісінше биік өнерге ұмтылу, үйренуге құмарту, халықтың ықыласы оны рухтандыра түседі. Ол жырларды үйреніп қана қоймай, сол кезеңдегі Абыл, Шернияз, Қашаған, Қазақбай, Ақтан секілді суырып салма ақын-жыршылардың қасына еріп, олардың мұхиттай тасыған жырларымен сусындап, өсиетін тыңдап, ел аузында сақталған асыл мұраларды жинақтап, халқымыздың рухани алтын қазынасын өз туындыларымен толықтырды. Әсіресе, ақынның ел арасына мол тараған аңыз - әңгімелерді ынта қойып тыңдауы, тыңдап қана қоймай, жанынан жыр-дастандар жазып жырлауы Нұрпейістің ерекше бір асыл қасиеті.

Сөйтіп Нұпейіс жас кезінен-ақ өзінің дарынды ақын, атақты жыршы екенін танытты. Оның басқа ақындардан айырмашылығы - өмірінің алғашқы жылдарынан бастап халықтың өшпес қазынасына айналған әйгілі батырлар дастандарын ел аралап, шын тебіреніспен толғап, елдің, ердің ерлігін дәріптеуінде. Ақынның еш бүкпесіз, жалықпай жырлаған өлең-толғауларының қатарына «Алпамыс», «Қобыланды», «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази», «Төрехан», «Құбығұл», «Ер Тарғын», «Қырымның қырық батыры», «Аккенже», «Нарқыз» және т.б. төл туындыларын жатқызуға болады. Осылардың ішінде «Қобыланды», «Қырымның қырық батыры» жырдастандарын сол кездегі көзкөргендердің айтуынша, Нұрпейіс ақын тұтастай, толығымен жырлағанға ұқсайды.

Ақынның шығармашылық қабілетінің өсуіне ұлы жыршы Жамбылмен кездесіп, тілдесуі әсер етіп, өмірге жаңа қанат бітіргендей болды. Ол ақын ағасына арнап «Ғасырдың қарт бұлбұлы», «Жамбылға» өлеңдерін шабыттана жырлап, сөз басында айтқанымдай «Екінші Жамбыл» атанды.

Ақын осы кезден бастап тек Ақтөбе облысына ғана емес, республикаға танымал алдына жан салмайтын дарынды ақын екенін дәлелдей түсті. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшелігіне қабылданып, қоғамдық саяси істерге белсене араласып, ақыл-кеңесін айтып, қоғамда кездесетін кемшіліктерді өткір тілімен сынапхалқының жүрегіне қажымас жігер, сенім ұялата білді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында өзінің қарттық жасына қарамастан үнемі елмен бірге болып, өзінің жалынды сөздерімен майдандағы батырларға жігер, рух беріп маңызды істер атқарды. Соғыстың алғашқы жылдарында ақынның жас ұрпақты патриорттық рухта тәрбиелеуге күш беретін өлеңдер мен қатар дастандары жарыққа шықты.

Әрине, ақынның халыққа адал көңілмен, жігерлі ынтамен атқарған қызметін айтып тауысу мүмкін емес. Біздің бүгінгі басты міндетіміз ұрпағына өлмес мұра қалдырған ақынның есімін, шығармашылығын өскелең ұрпаққа насихаттап, лайықты құрмет көрсету.

Биылғы жыл, сонымен қатар ұлы ақын, жыраудың есімін дәріптеген рухани шаңырақ үшін де ерекше жыл. Биыл Нұрпейіс Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасына - 60 жыл.

Дәстүрлі рухани ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып отырған рухани орта мерейтой құрметіне жыл бойына «Байғанин оқулары» оқу марафонын жариялап, «Оқитын өлке» акция аясында іс-шара жоспарына сәйкес «Мәңгі сөнбес жарқыраған шырақтай», әдеби жыр кешін, «Нұрпейіс Байғанин-жыраулық дәстүр мен жазба әдебиет арасындағы алтын көпір» тақырыбында ZOOM платформасында республикалық ғылыми конференция ұйымдастырды. Аталмыш шараға Ақтөбе облыстық, мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы А.Юнисова, ақынның келіні Манар Байғанина, немересі «Н.Байғанин атындағы мәдени қордың» басшысы Ерболат Момынұлы, Алматы қаласы, М.Әуезов атындағы «Әдебиет және өнер» институты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Қорқыт Ата атындағы Гуманитарлық-педагогикалық институты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Университеті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің оқытушы,лары профессорлар мен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын, драматург, жазушы Баянғали Әлімжанов, Нұр-Сұлтан, Қызылорда қалаларының балалар ақын-жазушылары қатысып, тақырыптық баяндама жасады. Шараға қатысқан облыстық, қалалық, аудандық кітапхана қызметкерлері тағылымды ойлар түйіп, мол тәжірибе жинақтады.

60 жылдық тарихы бар Н.Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасы шырағы биік парасаттылық пен білімділіктің киелі ордасы. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа берілер білім мен тәрбиенің өз мәнінде сапалы болуы бірінші кезекте тұрғаны анық. Осыған орайда еліміздегі бірден - бір рухани қазына ордасы – балалар кітапханасы. Кітап арқылы оқушылардың жан - жақты білім алуымен қатар, патриоттық рухта тәрбиеленуіне, ғылыми, кәсіби, мәдени дәрежесінің дамуына әсер ететін бірден - бір мәдени-танымдық орта.

Қасиетті қазынамызды көздің қарашығындай сақтап, насихаттап, ел игілігіне жаратып жүрген кітапханашылар – ең қажет, абыройлы мамандық иелері. Әр баланың жас ерекшелігіне қарай кітаптарды насихаттаудың түрлі формалары мен әдістерін ұйымдастыру арқылы оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын арттырып, жан - жақты дамыған баланы тәрбиелеуге өз үлестерін қосып келеді.

Осы құтты қазына ордасында қызмет атқарып жүрген. рухани білім мен рухани мәдениет иелері, кітапханашыларды мерейтоймен құттықтай отырып, кәсіби шеберлік пен парасаттылық, еңбектеріне шығармашылық табыс тілеймін!

Сұлушаш ХАКИМОВА,
Н.Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасының директоры.
Ақтөбе қаласы

АҚСУДАН ҚАНАТ ҚАККАНДАР

С.Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасының шаңырағында жазушы, ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, «Ақсу ауданының Құрметті азаматы» Естенов Арасанбай Жексенбекұлының «Ақсудан ұшқан аққулар» атты кітабының тұсаукесері өтті.

Ақсу өңірінен шыққан қазақ еліне танымал белгілі қайраткерлердің өмірі мен шығармашылығын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған шараға игі жақсылар жиналды.

Кітап авторы – Естенов Арасанбай Жексенұлы 1953 жылы 18 желтоқсанда Құлжа қаласында дүниеге келген. 1970 жылы Арасан орта мектебін бітіргеннен кейін ұжымшарда құрылысшы, аудандық газетте корректордың көмекшісі болып жұмыс істейді. 1980 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. Қапал аудандық «Қапал еңбеккері» газетінде аудармашы, әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, «Жазушы» баспасында редактор, аға редактор қызметтерін атқарған. 2002 жылдан бастап «Баянжүрек» баспасының директоры қызметін атқарып келеді.

Шара барысында Ақсу өңірінен түлеп ұшқан дара таланттардың ұрпақтары өз естеліктерімен бөлісіп, елімізге қосқан үлестеріне тоқталып өтті.Сүбелі әңгімелердің арсында тәтті күй төгіліп, әсем ән әуелете шырқалды.Тұсауы кесілген тың туындакелуші қонақтардың бәріне тарту етілді.

Ақсу, Қапал өңірінде дүниеге келіп, еңбек жолын бастаған өнер адамдарының өмірі мен шығармашылығы жайлы кішігірім энциклопедияда айтыскер ақын Иманғали Қалиасқарұлы, Жапарғали Ақсубаев, зерттеуші-ғалым, драматург Тәңірберген Қалиаханов, суретші Исатай Исабаев және т.б өнер адамдары жайлы деректер келтіріліп, шығармашылығы баяндалған.

Кітап тұсаукесеріне Ермек Әбілмәжінұлы, Талап Қараш, Жұмаш Ақыпбекова сынды зиялы қауым өкілдері, ақын-жазушылар Ардагерлер кеңесінің ардагерлері, Сүйінбай атындай Алматы облыстық филармониясының өнерпаздары, БАҚ өкілдері қатысты.

Мөлдір ҚУАНДЫҚ,
С.Сейфуллин атындағы Алматы облыстық кітапханасының баспасөз хатшысы.
Талдықорған қаласы

СТУДЕНТТІК ӨМІР – ОНЛАЙН

Мектеппен қоштасып, жаңа өмірге қадам басқалы - 4 ай... Уақыт зымырап өтіп жатыр... Оқу жүйесінде әлі күнге өзгеріс жоқ. Біз баяғыша «қашықтан оқу» үрдісімен жүріп келеміз. «Онлайн оқу» деп ғаламторға телміртіп қойған «тәж вирусы» басылған сыңайлы. Ел арасында әдепкідей шулы әңгіме де көп айтылмайды. Басшылық карантин режимін сақтауды мақсат тұтып, елді қатаң талаптардан босатқандай. Ал білім ордалары әлі сол қалпы. Мектеп те, университет те өз жұмыстарын дәстүрлі түрде қашан жалғастырмақ? Студенттер университетімен қашан табысады? Дәстүрлі оқу форматына қашан көшеміз? Онлайнның әлегі...

Біздер 2020 жылғы мектеп түлектері ЖОО-ға түскен сәтіміздан бастап білім алуды «онлайн» жүйеде бастадық. Алғашқыда бәрі қызық. Zoomмен сабақ өту, moodle-ға сабақ салу, онлайн таныстық, сабақ айтудың түрлі әдіс-тәсілдері, әйтеуір жаңадан «балмұздақ» атанған студент үшін айтатын, тамашалайтын қызық көп. Ол басында... Қазір ше? Етіміз үйрене бастады дейін десек, санамызды білімсіздік жаулап бара жатқандай. Кейде «қашықтан оқу» деген сөздің баламасы «білімсіздікке апарар жол» деп тұратындай. Алайда бұл біржақты менің көзқарасым ғана. Әйтсе де елімізде сауатын қашықтан ашқан жастар да аз емес. Хош, біздің білімнің жайы не болмақ? Біз бұл дәстүрге туғаннан емес, тосыннан тап болдық емес пе? Университетке бармай, «қашықтан» білім алып жатқан студенттердің жай-күйі қалай? Сансыз сұрақтар... Көп жанға жай ғана сұрақ боп қалатын осы бір жағдайды біз өз басымыздан өткеріп жатырмыз. Демек, мұның жайын бізден өзге кім білсін?.. «Білім алу» деген аты болмаса, мектептен алып келген орта деңгейдегі біліміміздi арттырып жатқанымыз шамалы. Ол жағы білім беріп жатқан оқытушыларға да, оқып жатқан мына біздерге де жасырын дүние емес. Себебі көз көріп, құлақ естіп жүрген ақиқат әңгіме. «Онлайн» деп ойланып жүргенде, «ел болашағы» деп сенім артатын заман жастарының білім іргетастары нашар қалануына себепкер болмасақ игі. Бүгінгі студент – ертеңгі жас маман. Қай-қайсы мамандық та адам өмірінде айтулы рөл атқарады. Тіпті кей мамандықтар шешуші рөлде. Мысалы, мен оқып жатырған филология мамандығы - тіл саласының маманы. Болашақта оқушыларға сапалы білім беретін білікті ұстаз болғым келеді. Ол үшін не істемек керек? Әлбетте, алғашқы курстан бастап сапалы білім алуым керек. Ұстаз болу жолында білім фундаментімді қалыптастыруым керек. Егер мен ЖОО-да сапалы білім алмасам, мен қалайша өзгенің баласына тыңғылықты білім бермекпін? Қалайша жас ұрпақты рухани бай қалыпта тәрбиелемекпін? Ойланатын дүние. Енді ойлаңыз, алғашқы іргетасы осылайша «қашықтан» оқып онлайн қаланған мен сияқты студентке (болашақ жас маманға) өз балаңыздың болашағын сеніп тапсырар ма едіңіз? Осылайша онлайн білім алған дәрігерге өз өміріңізді, денсаулығыңызды сеніп тапсыра аласыз ба? Онлайн оқыған құқық қорғау органының маманына шағымданар ма едіңіз? Әрине, сіздің орныңызда мен болсам «ЖОҚ» деп жауап қайтарар едім. Себебі бұл жауабын күттірмейтін, ақылға қонымсыз сауал. Осындай ойлар мені алаңдатады. Білім сапасының төмендегені айтпаса да түсінікті. Бір жағынан мамандыққа деген, түскен оқу орнына деген қызығушылығын жоғалтып жатқандай көп студент. Бұл біздің қазіргі ахуал.

Мықты маман болу жолында, тек қана білім алып қана қою жеткіліксіз. Жаңа ортамен танысасың, мықты мамандармен тілдесесің, қатарлас сол саланы меңгеруші жақын достар табасың. Бұл – жай ғана өмір заңы. Ол заңдылыққа кедергі – әлемдік пандемия. Бұл күн де өтер, өткеремізі. Университетпен табысып, жаңа достармен мәз болысатын күн де алыс емес шығар, сірә?! Бастысы - білім алу жолындағы бағытымыз өзгерсе де, мықты маман болу жолындағы мақсатымыз өзгермесін. Тек өкіндірері - бірінші семестрді аяқтап қалсақ та, қажетті білім қорын жимауымыз. Алғашқы фундаментіміздің осылайша шала деңгейде қалануы, білімге деген құлшыныс пен қызығушылықты сөндіріп бара жатқандай. Бұған не дейсіз, құрбылар?

Данара ТӨЛЕГЕНОВА,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің студенті
Орал қаласы

«Ең ажырамас достық – жастық шақта басталған ажырамас әрі аса сүйікті достық» дейді халық даналығы. Рас сөз! Біздің де аса адал әрі ажырамас достығымыз өткен ғасырдың 88-жылдары КазГУ қалашығында басталып еді. Содан бері де сынаптай сырғып 32 жыл өте шығыпты. Қазіргі Әл-Фараби атындағы қасиетті қара шаңырақтың журналистика факультетіне талантты да талапты 50 жас талапкерлер оқуға түсті. Солардың бірінші тобында – мектепті биыл ғана бітірген уыздай жас өрендер де, ал екінші тобында – әскерге барып келген және өндіріс орындары мен колхоз-совхозда бір-екі жыл еңбек етіп, ойдан бұрын қой бағып келгендер. Турасын айтқанда, жыланның аяғын көргендер мен диірменге салсаң да бүтін шығатын қыз-жігіттер. Біз – сол екінші топтың өкіліміз де, ал біздің кейіпкеріміз – Ерлан Қуандық – алғашқы топтың өрені.

ӨЗІ ДЕ, СӨЗІ ДЕ КӨРІКТІ...

Өнерді емес, өмірді әбден танып қалған сақа жігіттердің қасында жүргендіктен бе, әйтеуір аузынан ана сүті кете қоймаған өрендер студенттік өмірге тез бейімделіп алды. Сабақ үлгерімдері жақсы. Қабырға газеті де уақтылы шығып тұрады. Мұхамеджан Сералин атындағы әдеби бірлестіктің жиындары да №5 жатақханада үнемі қызықты өтеді. Ұстаздардың да, сақа жігіттердің де айтқандарын екі етпейді. Қашанда ағалап, жағалап жүргендері.

Үлкенді сен сыйласаң,
Кіші сені сыйлайды.
Кіші сені сыйласа,
Кісі сені сыйлайды, –

деген қағиданы өте жақсы меңгеріп алғандары байқалады. Сонымен бірге оқу ордасында өтіп тұратын түрлі мәдени іс-шараларға белсене араласады. Тіпті өзіміздің қара шаңырақтағы филология факультеті мен ҚызПИ-дің кілең қыздардан тұратын студенттерімен сайысқа түсіп, біздің курс топ жарды. Сол кезде ұстаздар қауымы да, жоғары курс студенттері де: «Журфакқа сен тұр, мен атайын» деген мықты курс келді» деп қуанды. Соның бәрінде Ерлан Қуандық ерекше көзге түсіп жүрді. Өйткені ол – сегіз қырлы, бір сырлы әмбебап жігіттердің бірі. Шаршы топта сөз бастап, сөйлей де алады. Ел-жұртты тамсантып, ән де салады. Дүйім халықты тебірентіп, терме де айтады. Кез келген спорттық сайыс пен дүбірлі додаларға салып жіберсеңіз, дара шауып, бәйгені қанжығасына байлап қайтады. Осы қасиеттердің бәрі бір адамның бойына қалай сыяды екен? Оны көтеріп жүру үшін адамға үлкен сабыр мен салмақ қажет. Ал бұл құндылықтар – Ерланның болмысына тән қасиет.

1988 – 1993 жылдар аралығында мен шаршы топқа шығып сөз бастадым, той басқардым. Маған асабалықтың қыр-сырын үйретіп, батасын берген – Шоқан Шөжеев. Ал Шоқанға кезінде Алматыда атақты асаба болған Диқан Әбдиев батасын беріп кеткен екен. Ал мен бұл қызметті өзімнен кейін оқыған Серік Әбдуалиевке тапсырып кеттім. Бұл – журфактың жазылмаған жеті жарғысындай болған үрдіс еді.

Мынау біздің Канадада
Дайындайтын тамадаға
Факультет бар «Оттама».
Оттамасаң, оттама!
Бір сөйлесең тоқтама.
Артық кетсем егер де,
Сотқа беріп, соттама! –

деп өлеңдететін кезең еді ол! Осы бір төрт қатар өлеңді журфактан шыққан төрт тамада төрт тарапта жүріп, өз жандарынан шығарғандай жатқа соғатын. Сондағы айтайын дегенім, кей тойларға Ерлан Айтуарды, кейде Серік Әбдуалиевті, тағы бірде Ерлан Қуандықты ертіп баратынмын. Олар бет ашады, қажет болса, ән салады, терме айтады, тіпті кейде би де билетіп жібереді. Әйтеуір, көпшілік қауымды жалықтырмайды. Өйткені ол кезде музыка, техника жағы тапшы болатын. Ансамбль шақыруға көбісінің қалтасы көтере бермейтін. Негізі, Ерлан халық әндері мен Шәмші әндерін нәшіне келтіре орындайтын. Сөйтіп, екеуміз нәпақа тауып, оны курстастарымызбен бөлісетінбіз. Олар бізді түннің қай уағында келсек те, ұядағы аузын ашқан балапандардай күтіп отыратын. Біз оларға тиісті ауыз салықтарын төлеп құтылатынбыз. Ол да бір дәурен екен-ау!

Осы орайда Ерлан алдында жүрген Бауыржан Үсенов, Әзімбек Жанқұлиев, Мұхтар Бөпетаев, Табылды Досым секілді ағаларының өмірі мен өнерінен өнеге алды. Олардың өлеңдерін жаттап, әндерін үйреніп, ел ішіне кеңінен насихаттады. Қазір де оларды өзіне ұстаз тұтады. Өткен жылы Мұхтар Бөпетаевқа арналған «Болмысы бөлек Бөпетаев» атты Шоқан құрастырған кітапқа естелік жазып берді. Ол бауырларымыздың жаны жаннаттан болсын!

«Адам бойындағы ең тамаша нәрсе – білім мен ақыл» депті абыз да аңыз Жүсіп Баласағұн бабамыз. Сол екі асыл қасиет те Ерланның бойында бар.

Әкең жақсы кісі еді,
Жел жағыңа пана еді.
Анаң жақсы кісі еді,
Жетімдерге ана еді, –

демекші, Ерланның бойындағы әлгі қасиеттер әкенің қаны мен ананың ақ сүтімен дарыған. Алманың алма ағашынан алыс түспейтіні – сол, Ерлан құрбы-құрдастарының алды боп, №7 Әліби Жангелдин атындағы мектепті үздік бітірді. Осы орайда айта кететін бір жайт, Жүнісбай Қуандықовтың әулетінде үш ұл, үш қыз болса, соның біреуі күміс, қалғаны мектепті алтын медалмен бітірген. Сондықтан да дүйім халық, мұқым ел Қуандықовтар әулетін «Медалистер отбасы» деп атап кеткен. Осыған қарап-ақ Жүнісбай әкей мен Несібелі ананың берген тәлім-тәрбиесін, парасат-пайымын бағамдай беріңіз. Бұл – жоғарыда айтқан сөзіміздің айғағы.

«Алла деген – азбас! Тоба деген – тозбас!» деген тәмсіл бар ел аузында. Сол айтқандай, Ерлан Қуандық – аузынан Алласы да, тобасы да түспеген атпал азамат, асыл адам. Бес уақыт намазын қаза қылмай, жыл сайын оразасын ұстап келе жатқанына талай жылдың жүзі болды. Біреудің ала жібін аттап, біреуге артық ауыз сөз айтқан пенде емес. Адамзат баласына жақсылық жасамаса, жамандық жасау қолынан келмейді. «Әкенің баласы – адамның дұшпаны. Адамның баласы – бауырың» деген хакім Абайдың қағидасын ұстанған жан.

«Ағасы бардың жағасы бар, Інісі бардың тынысы бар» демекші, Ерланның алдында Қалдарбектей ағасы, артында Еркебұландай інісі бар. Қалдарбек –Ерланның ағасы болғанымен, менен бір жас кіші. КазГУ-де қатар оқыдық. Ол заң факультетін бітірді. Студент кезінде біздің жатақханаға жиі келіп тұратын. Кейін Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік университетінде сабақ берді. Қазір «Нархоз» университетінің профессоры, заң ғылымдарының кандидаты. Ал Еркебұлан – Ұлттық қауіпсіздік комитетінің сардары. Соған қарамастан әдебиет пен өнерге жақын, аздап ақындығы да бар. Бұл – өнерге бір табан жақын отбасының әсер-ықпалы болса керек.

Жоғарыда Қуандықұлы Жүнісбай әулетінде үш қыздың барын айттық. Олардың бәрі – әкеден ақыл, анадан мейір көріп өскен Ерланның қарындастары. Ботагөз КазГУ-дің тарих факультетін бітірді. Одан кейінгі Айгүл де, Нұргүл де – жоғары білімді. Үшеуі де – тұрмыста. Мерекелі де берекелі отбасы ұйытқылары. Алды ұл-қыздарын үйлендіріп, немере сүйді.

«Не сөйлейтініңді біл, кімге сөйлейтініңді біл, қай жерде сөйлейтініңді біл, қай кезде сөйлейтініңді біл, қалай сөйлейтініңді біл» деген екен Бөлтірік шешен. Бұл ізгі қасиеттерді өмір мектебінен өткен адам ғана бойына сіңіре алады. Ал Ерлан Жүнісбайұлы – сол өмір академиясының терең ілімін үздік меңгерген азамат! Соның арқасында ол «Арыс ақиқаты» газетінде, Арыс қаласы әкімі аппаратында, Арыс желілік ішкі істер бөлімінде, Қаржы полициясында, Ішкі істер министрлігінің Медиа-орталығында, «Полиция. КЗ», «Наркопост» журналдарында, «Оңтүстік Қазақстан», «Теміржолшы» газеттерінде абыройлы қызмет атқарды. Қазір де 31-арнада Шымкент қаласы мен Түркістан облысының түйткілді мәселерінің оң шешілуіне ықпал етіп, елдің әлеуметтік жағдайының жақсаруына ерен еңбек сіңіріп келеді. Сондай-ақ Ерлан сол өзі қызмет атқарған орындардың барлығынан тиісті атақ-дәреже мен марапаттардың бәрін алды. Қысқасы, қарғыс емес, алғыс арқалады.

Атап айтар болсақ, ол: «ҚР ІІМ-нің үздігі», «Қазақстан полициясына 25 жыл», «Ерен еңбегі үшін», «Қазығұрт ауданына 90 жыл», «Қажымұқан Мұңайтпасовқа 140 жыл», «Қожа Ахмет Яссауи», Қазақстан мәслихат хатшылары қауымдастығының мерекелік медалі мен төсбелгілерінің иегері. Оңтүстік Қазақстан облысы мен Түркістан облысы мәслихатының құрмет грамотасымен, сондай-ақ көптеген департамент, басқарма басшыларының диплом және алғыс хаттарымен марапатталған.

Сонымен қатар «Адастырмас арман», «Тереңге тартқан тамырлар», «Тектілік» атты кітаптардың, мыңдаған телесюжет, жүзден астам мақала, сұхбат, очерк және ондаған деректі фильмдердің авторы. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

«Алты ұл туған ананы, ханым десе болады» демекші, Ерланның үйіндегі Роза келін осы «Ханым» деген атқа әбден лайық. Ол Ерланға адал да асыл жар бола жүріп, оған алтын асықтай екі ұл, күміс қасықтай төрт қыз тауып берді. Сөйтіп «Күміс алқа» иегері атанды. «Ұлың үйленсе – ырысың, қызың орын тапса – өрісің» демей ме атам қазақ?! Сол айтқандай, қазір Ерлан мен Роза үлкен ұлын үйлендіріп, екі қызын құтты жеріне қондырды. Олардан төрт немере сүйіп отыр. 2013 жылы курстастардың жиырма жылдық басқосуында Ерлан «Көп балалы әке» аталымы бойынша марапатқа ие болған еді. Ол марапатты өз қолыммен табыстағаным әлі есте. Енді немере жағынан да сондай жүлделерге ие бола берсін!

«Адамды көрікті ететін – жүзі. Жүзді сұлу ететін – көзі. Десек те, адамды адам ететін – аузынан шығатын сөзі» дейді хазіреті Мәулана Руми. Осы сөзді Ерланға бағыштап айтсақ еш қателеспейміз. Өйткені Ерланның жүзі де, көзі де, сөзі де, өзі де сұлу. Мінезі – көркем. Ал енді осындай жақсы қасиеттерді бойына жинап, оған дақ түсірмей жүрген адамдар өте аз. Солардың бірі де бірегейі – Ерлан Жүнісбайұлы. Алла осы тура жолынан адастырмағай!

«Құданы Құдай қосады. Досты періште қосады» дейді қазақ. Бүкіл бір курсты адал дос еткен Аллаға мың да тәуба айтамыз! «Достық қуанышты екі есе көбейтіп, қайғының жартысын азайтады» деген де тәмсіл бар. Ендеше, достар арасында ортақтасатын қуанышымыз көп, ал қайғымыз жоқ болсын!

«Елуінде – ер дана» деген сөз бар ел аузында. Ерлан сол елге ес болатын, аға болатын, қажет болса жаға болатын жасқа келді. Сол мерейлі жасы құтты да қайырлы болсын! Алла Тағала екі дүниенің нығметін нәсіп етсін! Бар да нар бол, бауырым!

Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі.
«Алтын қалам» сыйлығының лауреаты

Айгүл Үлкенбаеваға арналады!

Екінші тарау

ЖЫР БАСЫ

Күй бір шексіз жайылғандай көлемге,
Қиналасың сыйғыза алмай өлеңге.
Оның шалқар мұхитында жүзгендер
Үңіледі көз жеткісіз тереңге.

Ұшыратын қиялыңды көкке алып,
Қиянында қалықтайсың мақтанып.
Саздың сиқыр иірімдері төгілген
Апарады жаймашуақ баққа алып.

Ертегі елін жүргендейсің аралап,
Мелодия маржандарын саралап.
Қайсы бірін таңдарыңды білмейсің,
Әрқайсысы таңғаларлық бағалы-ақ!

Бар ма пенде қасиетін өлшеген,
Бір ғажайып толқындарда теңселем.
Тыңдағанға қозғала ма шер-шемен,
Қуанышқа батасың ба белшеден?!

Жаныңды пәк үндер кетер аймалап,
Жүрегіңді тербетеді жайлап ақ.
Отырасың, отырасың шалқыған.
Алуан түрлі отырасың ой қамап.

Сөз табылмас күйге жетер, асылы,
Жеткізе алмай келеді адам ғасыры.
Домбыраны жүрегімен бауырған,
Қазағымның күй болар ма ғашығы?!

***

Білдік пе жеті санның қасиетін?
Қалдырған ұлылардың өсиетін.
Адамдар осы санмен бір жасайды,
Күші бар құдіретті өсіретін.
Аспан да жеті қабат – адамға арман,
Бар жеті кереметтер замандардан.
Жан біткен сыйынады осы санға,
Өткенде талай жеті қамалдардан.

Жүреміз жеті күнмен қадам басып,
Үлкенге жеті дүркін амандасып.
Қағбаны да шығамыз жеті айналып,
Жеті жұртпен қанымыз араласып.

Жеті түспен жанамыз әсемденіп,
Жеті түске қараймыз әсерленіп.
Көзіміз жеті түске қуанады,
Жоғалып бойымыздан кесел желік.

Жеті дыбыс жүректі әлдилейді,
Жеті нота жаратар ән-күйлерді.
Әлемді жеті дыбыс аяласа,
Тербеліп планета сән күйге енді.

Жеті жасқа жетіпті Айгүліміз,
Білеміз туғандығын қай күні біз.
Қаңтар айы мінгенде қуатына
Ақ қармен асып-тасып байлығымыз.

Адамға іздеттірген боран ықты,
Осылайша ақ қарға ораныпты.
Өзі-аппақ, жаны-аппақ періштені
Дүние бір жалт қарап қол алыпты.

***

Ибалы кірді Айгүл мектебіне,
Бір белес қосылғандай көктеміне.
Сол күні ата-анасы мерекелеп,
Көңілдің гүл жиһазын төкпеді ме?!

Шалқары балалардың осында екен,
Тұлпары ақыл-ойдың көсілген кең.
Жанардан осы жерде күн күлімдеп,
Манаштың таусылмас кен төсінде екен.

Айгүлім байлап қанат құмарына,
Құйылды күлкі күйі құлағына.
Шаттықтың теңізіндей толқып тулап,
Айналған білім өмір ұранына.
«Әліппе» алғашқы үн иманындай,
Мұғалім дайындаған сыйларындай.
Дүние дыбыстары еселене
Сылдырын жүйкесіне құйғанындай.

Жайдары жүздер гүлдеп жайраңдаған,
Жайнатып бәрін қалай қойған ғалам.
Табиғат ойлап-ойлап кереметті,
Айгүлдің алдына алып жайған заман.

Қарады мұғалімдей ұлылыққа,
Оранып тәрбиелі жылылыққа.
Өмірдің мағынасы кемелдене,
Айналды жылы жүрек нұры құтқа.

Сыныптан сынып асып ілгеріге,
Сананың сусын қонды тіндеріне
Үйінен бастау алған домбыра-өнер,
Шыңдалды уақытпен жүлде өріле.

Сыныптың алды болды білімінде,
Білімнің шешек атты гүлі күнде.
Пәндерден бағалары қасиетті
Саналды әр сабақтан ұлы жүлде.

Көрінді балаларға өнерімен,
Аз ғана өнерінің көлемімен.
Аз ғана әзірінше күйлерімен,
Қосылған домбыраға өлеңімен.

***

От жанған көздерінде бүлдіршіндер,
Соғады кеуделерде мың дүрсілдер.
Ниеті үлбіреген қиялдарда,
Жап-жарық алтын сәуле күн күлсін дер!

Күткендей кереметті жайласын-ақ,
Жандары жадырайды жаймашуақ.
Мұғалім дайындаған атаулы күн,
Тұрғандай барлығына алда сынақ.

Ортаға салмақ бәрі өнерлерін,
Қайталап жаттап алған өлеңдерін.
Қуантпақ сыныптасты қаумалаған
Аз ғана бөлме толы көрерменін.
Мұң екен мұғалімнің қас қағуы,
Концерттің хабарланды басталуы.
Оқылды Абай ақын жазған өлең,
Мәнерлеп сыныптың бір жас дарыны.

Шырқалды ән, кезектесіп тақпақтар да,
Ұқсайды шапалақтар ат шапқанға.
Өнерін көрсетпекші әр шәкірттің
Жүздері ұқсағандай от жаққанға.

Жүзуде балдырғандар, еркін кешіп,
Ұмтылған тұңғиыққа тереңдейін.
Білімінен үйілген сан қырмандар,
Жүректерін талаппен жаудырғанда.
Әр сыныпта үңіліп кітаптарға
Көздерін ұзақ-ұзақ талдырғандар...

Білімді болашағы – бақыттары,
Елінің сәндендірер жаһұттары
Әрқайсы ақыл-оймен атыларлық
Жанартау ол да келер уақыттағы.

Әр адам уылжыған көктемінде,
Жүзеді мұхит – білім мектебінде.
Үлпілдеп қауырсыны талабының,
Жетердей қиялымен көкте күнге.

Тереңін тұңғыш сезіп дүниенің,
Көтере ұмтылады нұрлы иегін.

Дыбыста мол құдірет құпиялы,
Көшіретін немесе өшіретін.

О да бір қазба байлық таусылмайтын,
Аянбай ар шыңдайтын, жан шыңдайтын.
Төңкерген алапатты әуезімен,
Арқалы алыптарша аршындайтын.

Қайсар үн адамдардың жүйкесінде,
Атойлар тебірене мың шешімге.
Жолында миллион саз есіледі.
Дыбыстың от жалындап пілтесінде.

Саз есілер найзағай ойнағанда,
Саз есілер қазаның қайнағанда.
Сөз есілер жібек жел үілінен,
Айдын көл аққулары тойлағанда.

Өзеннің саз ойнайды ағысынан,
Киіктің дүркіреген жарысынан.

КҮЙ ПАДИШАСЫ

(поэма)

Бір шақта домбырасын үкілеген,
Айгүлім шыққанында, бүкіл елең
Тоқталды, емірене тыңдармандар
Әуелден отырғандай күтіп әрең.

Зерлеген комзолы да, көйлегі де,
Сәукеле, жалтыраған түймелі де.
Иіліп сәлемдесті тыңдарманға,
Қиялы шырқағандай күй көгіне!

Күйлердің сыңғырлатты бірнешеуін,
Ынтықтар қандырғандай күйге шөлін.
Кішкене бөлме ішін аралады
Жағымды құлақтарға бір көсем үн.

Мақтаулар алаулаған жатты естіліп,
Риза пәк көңілдер ақ көсіліп.
Таусылмай еселене соғылды қол,
Кеткендей дәні толы қап тесіліп.

Айгүлім салынғандай алақанға,
Керемет болды құрмет балапанға.
Осылай айқара ашып дарын кірді
Мектептей білім толы ақ отауға.

***

Мақтау мен қасиет бар сәл атақта,
Кенелтер көңіліңді шарапатқа.
Кетесің қанаттанып шалқып, тасып,
Риза боп жайлы сөз марапатқа.

Сәулемен көтерілер шың атағы,
Жеміс те шуақ күннен гүл атады.
Шынайы еңбегімен терін төккен
Адамдар жылы сөзді ұнатады.
Әлемді оятады таң киесі,
Таралып тамырларға жан иесі.
Төгілген мейіріммен нұрлы жандар,
Жылы сөз – балдырғанға тәрбиеші.

Жақсыға жақсы назар арнап тынар,
Жақсыға жақсы үмітін жалғап тұрар.
Берілген бағалардан кетпей асып,
Сезінер іштей ғана салмақтылар.

Мадақтау қабылданар сәніменен,
Сіңісе жүректерге мәніменен.
Жүгірген су бетімен майда желден
Байыпты ағар су да бабыменен.

«Айгүл» деп мектеп іші жаңғырықты,
Жып-жылы лебіздер ән қылыпты.
Жасаған күні кеше тұңғыш адым
Күйшілік өнерімен таң қылыпты.

***

«Мектеп –кеме, білім –теңіз» дегендейін,
Айнымай ақын жазған өлеңдейін.

Алдынан мың құбылып ғажайыптар,
Ілінер демеуіне бір иенің.
Жадырар құпиялар «әліппемен»,
Жүздіре алыстарға алып кемең.
Ілгері ұмтылдырып іңкәрлігін
Көрсетер шаршатпастай талып денең.

Жүздері қызықтардың мол ашылып,
Біреуі біреуінен дара шығып.
Бағыты талмастайын ұшталады-ау,
Тоқтамай құштарлықпен сана асығып.

Нұр қандай, көсіледі талап қандай?
Өлшеулі алғы күннен санат қандай?
Екпіні ұшырардай тағат қалмай,
Жеткізер қияларға қанат қандай?!

***

Өмірдің мектеп деген – шамшырағы,
Адамның мектеп деген – нәр сынағы.
Білімнің дариясынан сусындаған
Адамзат арманының нар шынары.

Ақыл мен мейірімнің жазар аты,
Қаланған асыл тастан таза заты.
Алдында осы ғажап ғұламаның
Борышкер елдің әрбір азаматы.

Ісінен өшпейтұғын мұра қалар,
Тұрғызған санадағы мұнаралар.
Сүйгендей мектебінің қабырғасын,
Тәжім ғып бас иеді ғұламалар.

Назары елеңдемей құла дүзге,
Құмартып самалдайын бұлақ үнге.
Қазақтың кең даласы тұна қалып,
Құлағын тоса білген мұғалімге.

Шықпаған көкейінен алыс арман,
Түсіріп сарайына жарық шамнан.
Отырар мектебінде тұңғыш рет
Ұстаздан Әбу Насыр дәріс алған.

Алғашқы білім-ғылым бастамасы,
Алғашқы білім-өнер дастаны ашық.
Осында шынайылық қолын созып,
Алар хақ кемеңгерлік бас данасы.
Осында құштарлылық негізделіп,
Қуатың туындайды өр іздерлік.
Осында тасар шалқып шабытың да,
Келместей бақайыңнан теңіз дерлік!

***

Қашаннан ғылым, өнер ағайынды,
Тылсымнан алып шығар талай нұрды.
Тап-таза жаңа саздың әрбіреуі
Жаңаша сайратады талайыңды.

Сол үннің білген бабам қасиетін,
Айтатын әуездетіп өсиетін.

Толысып жайнай өсіп сылдыраған
Бидайдың сабағынан, тары ұшынан.

Жылқының шұрқыраған дауысында,
Шілденің сонау сағым ағысында.
Шәйнектің қайнауында мосыдағы,
Тезектің лыпыл қаққан жанысында.

Сұлудың сылқыл қағып күлгенінде,
Арамен ағашыңды тілгеніңде,
Қалаған отының тез жану үшін,
Шоғыңды ошақтағы үргеніңде.
Ән салған көлігіңнің дөңгелегі,
Ойыңды сазыменен мың бөледі.
Зулаған жүйрігіңнен ұзақ жолда
Әуездің сезіледі бір дерегі.

Іздей бер күйші болсаң сырлы әлемді,
Алмассың тауыса да нұрлы әуенді.
Іздей бер шаршамастан күй қазбасын,
Әуездің тіндерінен сыйлы кенді.

***

Мектептің ұялаған қайнарынан,
Ғұлама күй өнері жайлауынан
Жасап ап мұражайын көңілінде
Өнердің құр қалмаған байрағынан...

Күйінен даласының тұмарланған,
Сазынан Құрманғазы шынарланған,
Дина мен Дәулеткерей теңізінің
Сұңгуге тереңіне құмарланған,

Кетпеген бұлақ дәмі таңдайынан,
Құштарлық шамы сөнбей маңдайынан,
Тау-тасын, шалқымасын кешіп тынбай,
Дарытқан бейнетіне арнайы мән...

Балбармақ күйші болды Шәмшидендей,
Байыпты бал мінезін жан сүйгендей.
Сақасы өнерінің алшы түскен,
Кәніки, домбырасын қалшы үйренбей!

Әуелден ауыл мектеп мұғалімі,
Бойында тұма біткен шын арыны.
Ішегінен домбыраның сыйлап сезім,
Ал бірде естіртер мұң-мұнар үнін.

Араның ұясындай айналасы,
Сүйкімді сәуле төгер жай қарасы.
Тәттісі сөзі менен саусағында,
Бармаққа бал жаққан деп ойламашы.

Естілер балдырған сөз «ағалаған»,
Айнала балғын жандар қамалаған.
Көктемгі күміс көлдің шабағына
Таласқан кем еместей шағаладан.
Құрылған қолымен күй үйірмесі,
Тасталған талапкерлер үйір көші.
Ұядай ортасына бара қалсаң,
Еститін күйің осы – сыйың да осы!

***

Шәкірттің сынап көріп әрқайсысын,
Байқайды икемділік оңқай күшін.
Асықпай бала үйірген алшысымен
Түсетін ажыратар әр тәйкісін.

Осындай риза боп баршылыққа,
Түзейді тәйкілерді алшылыққа.
Шыңдайды бітіскенше төске салып,
Қалдырмай сәл сызат та, сәл сынық та.

Кішкене қолын демеп домбыраға,
Шәкіртін кенелткендей мол мұраға.
Сәндірек шықса дыбыс ішектегі –
Тиеді ұстазынан сәнді баға.

Белгілі күйге үйретіп әрбіреуін,
Дегенге қарамастан «талды қолым».
Тынбастан шерттіруге бағындырып,
Ширата құбылдырар әр үн өңін.

Біреуі құймақұлақ алар қағып,
Біреуі саусақтарын санар қалып.
Сағаны шымырлата игере алмай,
Кей дыбыс пернелерде қалар талып.

Ішіне еніп Айгүл үйірменің,
Көрсеңіз осы ортаға сүйінгенін.
Ұстазы: «көрсет, - десе, өнеріңді»,
Сезесің домбыраға шүйілгенін.

Айгүл Үлкенбаеваға арналады!

КҮЙ ПАДИШАСЫ

(поэма)

Күй сазын қағып алып қақпақылдай,
Еселей сіміріп ап жатты ақыл жай.
Желпіне қанаттана шыға келер,
Самалдай уілдеген бақта тынбай.

Үйіріп ала қойып естігенін,
Күйлердің алма-кезек кешті көлін.
Мүше қып ансамбльге ілестіріп,
Ұстазы тұсауының кесті мөрін.

***

Таңдалып талаптылар ансамбльге,
Қызықтап қарамақшы кіл сәнді үнге.
Желекті үлпіл қаққан мүшелері
Ұқсайды шоғырланған он сан гүлге.

Ансамбль «Балдырғандар» аталыпты,
Дарындар Шәмшиденнен бата алыпты.
Қосыла шерткенінде домбыраны
Көздеріне еріксіз жас алыпты.

Топталып он бес шәкірт қатарласа,
Ішек қаға пернелерді қатар баса,
Жұмыла қолдар бірдей қозғалғанда,
Қалыпты күй әуезі мақамдаса.

Сырлы саз жарысады, төгіледі,
Сыйқырлы иіріммен себіледі.
Қуаныш, мақтанышты, шабытты шақ
Жүзінен шәкірттердің көрінеді.

Бір-бір күй үйретіліп аптасына,
Орнығар жазбай сана тақтасына.
«Тырс» еткен бір де дыбыс оқшау шыққай,
Шәмшиден шұқшияды бапты асыра.

Бір соғып жүректері жарысқандай,
Бір деммен пернелерде табысқандай.
Сол кезде қолы айналып қанатына
Шәмшиден көктен түскен данышпандай.

Өзеннің толқынындай дыбыстар да,
Бірдей-ақ алынады тыныстар да.
Ұқсайды пыр-пыр етіп көгершіндер
Жабыла көтеріле бір ұшқанға.

Дүрілдеп жел соққандай ырғап гүлді,
Әуезі әп-әдемі жырлап тұрды.
Бұлақтай көкейлерге құйылғанда,
Дала да көңілденді тыңдап сырды.

Сөйледі күй абызы Құрманғазы,
Оятқан ғасырлардың «бір маңғазы».
Тебірентіп жүректерді ақтарыла
Күй болып сапырылған жылдар назы.
«Аман бол, шешем...» әсем үзілдірген,
Таныдық сұлу «Айжан қызын» бірден.
Әлінше бұл балдырған жас үйірме
Бар жайын күйлерімен тізілдірген.

***

Алдыңғы қатарда Айгүл мөлдіреген,
Бантигі шекесінде желбіреген.
Байсалды қызықтырар отырғаны,
Талайдың көзін тартып өндір ерен.

Отырып биігірек үстелінде,
Ұқсайды жарқын жүзі түсте күнге.
Шынары талабының биік шырқап,
Ұшқандай қиялдағы құс көгінде.

Бір түйғын сапта тұрған санаттағы
Жүзінен төгіледі ой ақпары.
Сабынан домбыраның қысып ұстап,
Қырандай қомданады тояттағы.

Жанарын ұстазынан айырмайды,
Айтқанын көңілімен пайымдайды.
Қағысы сәл-пәл ауып шықпай қалса,
Дирижер көздерімен жай ымдайды.

Тыңнан бір үйренгенде жаңа күйді,
Басынан өткізеді дара күйді.
Жалыны күндегіден жарқыл қағып,
Еселеп шалқығандай талабы игі.

Жаңа әуен құлағына құйып алып,
Сағақты қайталайды жиі қағып.
Қиындау қайырымды еселейді,
Мұқият жүйкесіне түйіп анық.

Талабы айрықша басқалардан,
Ынтасы аттайтындай тас қамалдан.
Біржола өзі күйге айналғандай,
Жанында тындырардай оқшау арман.

Жүйелі сұрақтары таңғалдырар,
Талантты осылайша талғам қылар.
Жеткенше шындығына тыншымайды,
Лапылдап жүрегінде жанған құмар.
Сыныптас жылдар өтті сынып асып,
Таңдардан таңдар қарсы-ап нұры ашық.
Тұяғын шыңдап тасқа, құла дүзге,
Сәйгүлік күндеріне құлын асық.

***

Кішкене оркестрдің күші қандай?
Биікке арманыңды ұшырғандай.
Маңына тыңдармандар жиналғанда,
Дестесін көркемдіктің ұсынғандай.

Түйіліп жұдырықтай шалқар жырға,
Төгіле тасқындаған халқы алдында.
Жас өркен шеберлігін жария етіп,
Бас иген қартың, жасың, дарханың да.

Бір үнмен бәрі дағы тербеледі,
Дүние сазыменен өң береді.

Сұлулық біткен мынау көз алдында,
Ақ жарқын әсемдікпен дөңгеледі.

Суырып жүрегінді жөнелгендей,
Тіршілік әлемінің кемеліндей.
Жүйткітіп сырға толы сәнді күймен
Әркімді тамсандырған керегіндей.

Осынау балғын күйің сүйсінерлік,
Толғанта білу деген – бұл шын ерлік.
Өйткені домбыраның қос ішегінде
Шаттық бар және мұң бар күрсінерлік.

Өнерін майыстыра келістірген,
Жаныңды тылсым оймен өрістірген.

Тап болған тарлығына пешененің
Маңдайын жарқырата кеңіс берген.

Дирижер айналадан дыбыс аулап,
Тербетер адамдарды нұрлы іс арнап.
Күмбірі домбыраның әуелейді
Бәрінің қосылады үні самғап.

«Ансамбль» – мақтанышы мектебінің,
Әуезбен ақыл-ойға жеткен ілім.
Жібекті желкілдеткен самалға елтіп,
Жалт қарар бұлттан шығып көкте күнің.
Сыйласы сырласарлық әр баланың,
Ұғатын сәнді күйін, салған әнін.
Осында жиып-теріп жеткен алып,
Кемеңгер дыбыстарын нар даланың.

Шәмшиден – ұстаз, шәкірт ақылманы,
Азамат ісі іңкәрлік затындағы.
Ұйытар балаларды бір шешімге
Музыка мәселесі хақындағы.

Сәуле бар жанарыңда таусылмайтын,
Жалт та жұлт найзағайдай жарқылдайтын.
Ұшында таяғының бар сиқыры
Өзгеге құпиясы айтылмайтын.

Күй балқыр көкке қолын сермегенде,
Маңдайы мөлдірейді терлегенде.
Өзі де сазға майдай еритіндей,
Жігерлі күй ырғағы өрлегенде.

***

Арманы болып адам ғарыштардан,
Өмірін жалғар ылғи жарыстарда.
Тіршілік өзі майдан екендігін
Айтады толғаныспен данышпан да.

Күндерін жүгіндірмей бағасына,
Еш пенде түсе алмайды сабасына.
Мезгілдің жарысы да тыншымайды,
Жалғасып минуттардың таласына.

Жылдар да тайталасып бір-бірімен,
Қосылар ғасырларға күмбірімен.
Замандар өткен сайын түсі өзгеріп,
Табиғат жаңарады дүлдүлімен.

Уақыт жүйріктерді даралайды,
Қысымға, айбаттарға қарамайды.
Ақ түсті бар бояудан биік қойып,
Алтынды асылдардан саралайды.

Болмыстар арпалысы шертер жырын,
Дүниеге жариялап не кеңдігін.
Бәйгенің қасиеті бұл әлемде
Өмірдің түсіндіру көркемдігін.

Жарық ап болмысына ұлы күннен,
Кем түспей желден озған күлігіңнен
Тынбаған бәсекеде ал жүйріктер
Таласа алға шығар жүгіруден.

Тағдырын талап пенен өрен жігер
Шешер деп жарысады өнерлілер.
Кім алда, кім кейінде екендігін
Еліңнен сайлап қойған төрең білер.
Таланттар бәсекесі өткенінде,
Жол туды мектептегі төкпе күйге.
Сайысты балбармақтар домбырамен
Гүл шашқан жаймашуақ көктемінде.

Басталып жеке жарыс күйшілерден,
Босанды-ау булыққандар бір шідерден.
Тайталас шырай беріп талаптарға,
Жеңер кім, білгісіз-ау, күрсінер кім?

***

Аралас жас жағынан жарыскерлер,
Жүйріктер додасында алыс сермер.
Жүрегі әрбірінің – ракета,
От алып зымыраны ғарышқа өрлер.

Тізіле шықты бәрі сахнаға,
Күйшілік аталардың атын ала.
Сезеді өздерінше – құлан жүйрік,
Дәмелі жеңістерге дәті дара.

Кеуделер нықтанады суырылып,
Тықыршып, төзімдері қуырылып.
Сенімін әлде бірі шарықтатса,
Жанында туғыза ма бірі күдік?

Айгүл тұр арасында сұңқардайын,
Дегендей жігерлене: «Бір самғайын!»
Қарайды дүлдүлдене, сұңғақтана,
Бидейін, күйшілікте сұлтандайын.

Жылдармен сыныптардан – сынып өтіп,
Шынардай сыланады тіні жетіп.
Баяғы бантигімен қоштасқандай,
Шашын да өрген әсем бұрым етіп.
Басында сәукелесі үкілеген,
Камзолы оюлаған мықыны ерен.
Көйлектің кестелеген қос етегі –
Бейне бір ақын жазған бүтін өлең!

***

Ұстаған сағағынан домбырасын,
Бас иді көпшілікке – сәнді рәсім!
Сайратпақ бұлбұлдарын күйлерінің
Шабытпен сілтеп еркін бар құлашын.

Залдағы елеңдетіп тыңдарманын,
Сұңғыла ұсынардай нұрлы арманын.
Соқтырып жүрегінің нәзік тінін,
Сынатып өнерінің шыңдар ма әрін?!

Күйінің атын айтып бастаушы да,
Дегендей болды Айгүлге: «Бас қамшыға!»
Бүлкілдеп көмекейі күйшіміздің
Ұқсады жыр шалқытар дастаншыға.

Бұлдырап көз алдында «Ақсақ киік»,
Тұяғы қара жерге тақ-тақ тиіп.
Суреттеп түз тағысын жөнелгенде,
Саусақта сақ-сақ тиген мақсат биік.

Аялай құйылдырды-ай саз асырып,
Үнілеп іліп-қағып наз да сұлық.
Ақсаған жас киікке жаны жылап,
Қағысы бәсеңдеді сәл басылып.

Мөлтеңдеп жануардың қайғысына,
Қосыла күй жылады байғұсыңа.
Ішектен құйылғандай – адам мұңы
Сыймастай арнасына нәрді ұсына.

Сұмдардан Құрманғазы жаралы еді,
Көңілі жазылмастай қаралы еді.
Домбыра дыбысынан жанды жеген
Айгүлім жыламаса жарар еді.

Күй тынды теңселдіріп көрерменді,
Осыған өзі күйші сенер ме еді?
Нәп-нәзік жүрегінің дүрсілдерін
Әр адам құлақ тосып көрер ме еді.
Бір кезде «Адай» шықты аңыратып,
Ішектерін домбыраның жамыратып.
Еселеп екпіндете соққан шақта
Үзіліп кетпесе еді «тәңір атып!»

Сәйгүлік тұяғының дүрсіліндей,
Найзағай оттарының гүрсіліндей.
Осынау дыбыстарды үйлестірген
Айгүлім алма ағаштың бүршігендей.

Тынады екпіндете барып-барып,
Өнерпаз өнері асқақ анықталып
Қанғандай айыздары желікпелер
Арқасын әрбірінің қағып қалып.

Өресі осы екен ғой жалындаудың,
Шыңына жеткізгендей арынды айбын.
Талант өрнектеген суретіне
Қалады иек қағып табынбай кім?

Төгілген ілтипатқа мың жүректен
Жаныңның сыбызғысы сыңғыр еткен.
Шыға алмай құшағынан бақытының,
Халыққа басын иді күйші ізетпен.

***

Бейне бір аспаныңнан гүл жауғандай,
Гүл емес, көңілдерден нұр жауғандай.
Құрметін көрсеткендей табиғат та,
Күйінің кәусарына күн қанғандай!

Соғылған шапалақтан сілкінді зал,
Ашуға құшақтарын ұмтылды зал.
Көрініп мақтау сөзден қимыл ерек,
Күш бар ма қошеметтің шырқын бұзар.

Әкесі абдырады есі қалмай,
Қаны да шешесінің тасығандай.
«Айгүл, жаса, жаса!» деп ұрандатты,
Достары қуанышын жасыра алмай.

Айгүлім ұшқандайын байлап қанат,
Шалқумен ата-анасын ойлап қабат.
Жүгірді екеуінің құшағына,
Алыстан жарқ-жұрқ етіп жайнақтап-ақ!
Нариман – Шолпан сүйді боталарын,
Көрсеткен асқақ өнер аса дарын.
Жаулығы желпіл қағып жетті әже де,
Жаудырған шаршамастан баталарын.

Қабылдап алқа шешім дәстүрлерін,
Байрағы тиді Айгүлге бас жүлденің.
– Айгүлім, – деді ұстазы, – болсын құтты,
Шәкірттік шеберліктің астың белін.

Конкурс жетіп солай мәресіне,
Көтерді жүлдегерді ел төбесіне.
Жайылып талпыныстың ақ желкені
Оңынан соқты желі кемесіне!

ТҮЙІН

Болушы ед екі көзі картаға алаң,
Кезі еді мектебін де орталаған.
Іздейтін атластан Алматыны
Ішінен қалалардың анталаған.

Арманы – Алатаудың алтын тәжі,
Күткендей Алматының жарқын жазы.
Кинодан көретін-ді гүл-мекенді,
Тулатып жүрегінде толқын назын.

Лаулаған осында деп шамы күйдің,
Тартатын отыра алмай жаны күйбің.
Жас шыбық қолын созып шуақ күнге,
Жайқала төкпей ме өсіп барын сыйдың.

Үлкендер осы үмітін қолдады айқын.
Болмас жан алдағыны болжамайтын.
Бұлақ та көзі ашылған жылғаланып,
Құйылар сарқырама арнадай тың.

Алматы! Шақырады арман қала!
Санада сәулеленіп таңнан жаңа.
Айгүлім аққудайын қақты қанат,
Бағыты – Алатауға самғау ғана!!

Қадыр Өтегенұлы ЖҮСІП

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛІН СҮЙСІНТКЕН КӘМИЛА

Жеттің таза еңбекпен биіктерге,
Тағдыр саған сұлулықты үйіп берген.
Қазақтың бір қайраткер қызындай-ақ,
Сіңірдің қызметіңді сүйікті елге.

Автор.

Уақыт өткен сайын айналаңда жүрген адамдар, алыс-жақын туыстар, жора-жолдас, дос-жарандар да кәдімгі сүзгіден өткендей өзінен-өзі іріктеле береді екен. Өйткені, бей-берекет жүріс, есепсіз шашылып-төгілуге тыйым болып, салмақты ой, сабырлы мінез жаныңды нұрландыра түседі. Бұл – әрбір ақыл-ойы түзу, саналы жанның өмірінде болып жататын процесс.

Менің сонау орта жастан аса берген шағымда жазған өлеңдерімнің ішінде достық туралы мынадай шумақтар бар еді:

Дос көп менде,
Емеспін оған кенде.
Лайықты бәрі де,
Отыруға төрде.

Ақыл айтады бірі,
Кесек-кесек ірі.
Не көрсе де мықты,
Жаны оның сірі.

Сырласатын ашық,
Тамырды дөп басып.
Кездесемін бірімен,
Көңіл қалады тасып.

Қадірімді білетін,
Күлсе - риясыз күлетін.
Бір досым бар ақ жүрек,
Тыңдаймын оны түнетіп.

Жанымды ұғар көзімнен,
Сырымды ұғар төзіммен.
Пайымды тағы бірі бар,
Кезім жоқ одан безінген.

Жарқылдайтын жасындай,
Сөз сөйлейтін тасынбай.
Біреуі оның ғұлама,
Бір өзі бір ғасырдай.

Достарым менің сондай,
Езілмейді бордай.
Әрқайсысы - бір тарих,
Жазылмаған томдай.

Ия, мен сол достарыммен әрісі жарты ғасыр, берісі 30-40 жылдан бері қатысып, сыйласып келемін. Негізі, тұрақтылықты ұнатамын. Бұл – маған жар таңдауда да, мамандық таңдауда да, дос-жаран таңдауда да серік болған қағида. Сол достарымның ешқайсысы осал емес. Бірі – ғылым докторы болса, бірі – дәрігер, бірі – журналист, бірі – кәсіпкер, бірі – қаржыгер, т.б.. Олардың ішінде, тіпті, өзімнің мектеп бітірткен ең алғашқы шәкірттерім де бар. Әйгілі француз жазушысы Л.Вовенарг: «Қартайғанда достар саны көбеймейді: жоғалғанның бәрі ол кезде қайтып оралмайды», - деген екен. Шынында да, жыл өткен сайын небір ғажайып жандардан көз жазып қалып, көкірегіміз шерге толып барады. Әсіресе, соңғы он шақты жылдың ішінде небір асыл азаматтар мен аяулы нәзік жандылардан айрылғанда, түгелдей бір ел көшіп кеткендей, қатарымыз сиреп қалды. Амал не?! Өмір заңы солай.

Талантты жазушы, драматург Рахымжан Отарбаев: «Біраз өтірік достарым бар еді, шындық араласып кетіп, жоқ боп кетті», - деген екен. Сол сияқты табаның бүрі жоқ, тайғанақтау, сұйық жандар бірте-бірте айналамыздан жоғалатынына қуанбасақ, ренжімейтініміз рас.

Қазір менің достарымның алды - жетпіс жастан асып, жапырағы жайқалған бәйтеректей биік, мәртебелі, тамырын тереңге жайған өнегелі отбасының иелері. Батыс философтары айтады екен: «Әдемі жастық бәріне берілген, бірақ әдемі қарттық таңдаулыларға ғана берілген». Менің ойымша, сол әдемі қартайып келе жатқандардың қатарына менің достарым жататынына күмәнім жоқ.

Солардың бірі – қаржыгерлік еңбек жолын 1970 жылдан бастап, банк есепшісі, инспектор, бас есепшінің орынбасары, аға есепші, бас есепші болып толып жатқан ірі мекемелерде қызмет істеп, 2014 жылы «Петро- Қазақстан Құмкөл Ресарсиз» кәсіподақ ұйымының бас есепшсі қызметінле ұзақ жылдар абыроймен еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан, Сыр бойының іскер де қайраткер қызы – Кәмила Рахметова екенін мақтан етемін. Кәмиланың қырық жылдан астам уақыт елге сіңірген еңбегі кезінде лайықты бағаланып, әр жылдарда Алғыс хаттармен, Құрмет Грамоталардан бастап, әртүрлі мерекелік, мерейтойлық төсбелгілермен марапатталса, әсіресе, ҚР Кәсіподақтары Федерациясының кәсіподақтарға сіңірген еңбегі үшін «Құрмет белгісі» медалі, «Бухгалтерлік есеп және аудит» номинациясы бойынша 2014 жылы «Жыл маманы» атты Ұлттық сертификатқа ие болуы, «ПККР» АҚ дамуына қосқан елеулі еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медалімен марапатталуы оның ерен еңбегінің айғағы болса керек.

«Ақ Кәмилаш» деп кластастары ат қойған, үріп ауызға салғандай көріктілігімен төңірегіндегілерді әлі күнге дейін тамсандырып келе жатқан Кәмила – Әлім атты марғасқа жігітпен шаңырақ көтеріп, алтын асықтай ұлдар мен қырмызы қыздарды дүниеге әкелген аяулы жар, ардақты ана, келісті келін. Астана, Алматы, Қызылорданың арасында сол ұл-қыздарының демеушісі, ағайынның қамқоршысы болып, жарғақ құлағы жастыққа тимей шапқылап жүреді, ағайынның қуанышы мен қайғысына ортақтасуды Әлім мен Кәмила нағыз адами құндылық ретінде бағалайды. Мұның өзі Әлімдей отағасының қаймағы бұзылмаған қазақы ортаның дәстүрін берік ұстауды отбасында дұрыс қалыптастырып отыратынын байқатады. Әлім – жігіттің төресі болса, Кәмила – келіннің келістісі.

«Қандай қызметтесің – ол маңызды емес, өмірдегі орның қандай – осы маңызды», - дейді жазушы Әкім Ысқақ. Әрине, адамның болмысын, азаматтық ұстанымын, адамгершілік қасиетін тек қызметімен бағалауға болмайды, оның өмірдегі орны адами деңгейінің көрсеткіші екенін жұрттың бәрі түсіне бермейді. Кәмиланың мен байқаған бір қыры – «ат қойып, айдар тақпаса да» науқас жандарға, жақын-жуықтарға мүмкіндігінше қайырымдылық жасап, елдің алғысын алып жүреді. Өзі көп балалы ана бола тұра, бірнеше немерелеріне әже бола тұра, «өле жегенше, бөле жейін» деген ұстанымды ұстанатын секілді. «Үйдің жарығы үйге түспесе де, ойдың жарығы ойға түседі», - дейді ақын Мұзафар аға Әлімбаев. Олай болса, Кәмиланың осынау бір имандылыққа негізделген іс-әрекеті аралас-құралас жүрген өзгелерге де үлгі-өнеге болары хақ, өйткені қаржыгер Кәмила болғанымен, ірі-ірі мекемелерде бас есепші Кәмила болғанымен, кейбіреулер секілді «өзгелерге еркім түгілі, дертім де ұқсамасын» деп шіренетін бос кеуде жан емес. Қазіргі қоғамдағы адамдардың тойымсыздығы, «жаман атқа жал бітсе - жанына торсық байлатпас, жаман адамға мал бітсе - қасына қоңсы қондырмастығы» халықтың жиіркенішін тудырып, адамгершілікке құрылған жаны жомарт жандардан тарайтын шуаққа ұмтылушылық байқалады.

Кәмиланың бойындағы тазалық, бауырмалдық, еңбекқорлық, адамдарды бағалай білушілік Әбітайдай әкенің қаны мен Клавдиядай аяулы ананың сүтімен пайда болып, алты бірдей апалы-сіңлілі қыздардың үлкені болғандығынан да шығар. Әдетте, отбасындағы үлкен бала әрқашан да кейінгілерге қамқоршыл, бауырмал болып келеді ғой. Оның үстіне өмірлік серігі Әлім де көп балалы, өніп-өскен отбасынан шыққандықтан, бұлардың шаңырақтарындағы адам жатырқамай, қоғамшыл болудың жөні бөлек. «Мал таппайтын еркек жоқ – құрарын айт, бала таппайтын әйел жоқ – тұрарын айт» демекші, отбасылық қаржының басын құрап, оны әйтеуір ұрпақтың, ағайынның, дос-жаранның игілігіне ізгі ниетпен жарата білу де – жақсылықтың нышаны.

Әлім мен Кәмила балаларының үкілі үміттерін әлдилеп, айқын мақсат, жаңа арманға бағыттай білгендіктерінен болар, Хадишасы – журналист, Мая – педагог, Раиса – қаржыгер, Тимур – заңгер болса, киелі қара шаңырақтың иелері – Бауыржан мен Нұржамал бауырлардың нағыз ұйытқысы, сағынышын басар алтын ұяны шаттыққа бөлеп отыр.

Алты Алаштың анасы атанған Сырдың бойында дүниеге келіп, осында оқып білім алып, бүкіл саналы ғұмырын туған жердің экономикасын дамытуға арнаған Рахметова жай ғана қаржыгер емес, ол – алыс-жақын ағайын, достарды қауыштырып, табыстырып жүрген елші. Халқымыз «елдестірмек – елшіден, жауластырмақ – жаушыдан» демеуші ме еді, Кәмила – толыққанды отбасынан шығып, толыққанды отбасының шырағын жағып отырған қазақтың заманауи, алдыңғы қатарлы, іскер қыздарының бірі. Оның туған жерге сіңірген еңбегі ардақтауға лайықты. Сондықтан мен осы өңірдің туының биіктен желбіреуіне үлес қосқан достарыма Кәмиланы бетке ұстай отырып:

Өздеріңсің
Ел сенімін ақтаған,
Әлі күнге түскен жоқсың Құрмет деген тақтадан.
Сұлу Сырды түлеткен де – өздерің,
Туған жерді гүл еткен де – өздерің.
Сол үшін мен өздеріңмен мақтанам! – дегім келеді.

Гүлқадиша НЫСАНБАЕВА,
ҚР Білім беру ісінің үздігі, Республикалық тұңғыш «Жыл директоры» байқауының жеңімпазы, педагог-зерттеуші, Ы.Алтынсарин, М.Шоқай медальдарының иегері.

Нұрбекұлы Жылқыбай кім? Ол туралы не білеміз? Ғасырға жуықтаған ақынның шығармашылығы жайлы орамды ой, сүбелі сөз, көз көрген қариялардың естеліктерін жинақтап, оқырманға тарту ету, ұмытылып бара жатқан есімдерді жаңғыртып, жаңа есімдерге жол ашатын беймәлім есімдер айдары бойынша Н.В.Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында онлайн форматта ZOOM платформасында Жылқыбай ақын шығармашылығына арналған кезекті өлкетанулық әдеби сағат өтті. Шараның мақсаты: Жылқыбай Нұрбекұлының шығармашылығы туралы мағлұмат беру. Ақын туындыларын жан-жақты дәріптеу болып табылады.

АҚЫН ЖЫЛҚЫБАЙ

Жылқыбай Нұрбековтің туғанына 2020 жылы 100 жыл толған болатын. Елімізді жайлаған індетке байланысты Жылқыбай Нұрбековтің шығармашылығы аталмай қалды. Жылқыбай Нұрбековтің өмірбаянына тоқталсақ, 1920 жылы бұрынғы Жезқазған облысы, Шет ауданына қарасты «Нұраталды» кеншарында дүниеге келді. Жастайынан әкесінен жетім қалып, анасының тәрбиесінде болады. Қарағанды мемлекеттік мұғалімдер институтын бітіріп, Шет ауданында қазақ тілі әдебиет пәндерінен ұстаздық еткен. 1945 жылы «Советтік Қарағанды» газетінде қызмет атқарып, кейін бөлім меңгеруші лауазымына көтерілген. Алматы қаласында өткен Қазақстан жас ақын – жазушыларының бірінші республикалық кеңесіне қатысады. Сонымен қоса КСРО Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданды. Небары 28 жыл өмір сүрген Жылқыбай Нұрбеков шығармашылығын насихаттау бүгінгі күннің өзекті тақырыбы десек те болар.

Өлкетану әдебиет бөлімінің басшысы Телпекбаева Сандуғаш Орынбайқызы жетекшілік жасап, әдеби шарамызға Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты Аман Жағдаұлы Жылқыбай туралы «Советтік Қарағанды» газетінде жарық көрген ақпараттарын жинақтағандығы туралы, Нұраталды ауылының тумасы, зейнеткер Жазыбаев Ғабдыманап Серікұлы Жылқыбай ақын туралы ел аузындағы естеліктерді өз еркімен іздестіріп қаламынан туындаған еңбегі «Менің Нұраталдым» кітабына енгізгенің сөзіне тиек етіп, осы кітапты кітапханаға сыйға тартты. Осы уақытқа дейін ақын атына кітап жарыққа шықпаса да ол туралы насихаттап, іздеп, дәріптейтін оқырмандары, ізбасарлары барына бізді қуантады. Сонымен қоса Нұраталды ауылдық кітапханасының кітапханашысы Сағындық Жазира Мәжмиденқызының халық арасындағы Жылқыбай ақын туралы көнекөз қариялардың сыр сұхбатын жазып, бейне нұсқада ұсынуы үлкен жауапкершіліктің, ізденістің нәтижесі деп білеміз. Ақын рухы өлмейді артында жоқтаушысы барда демекші оқушылар мен студенттердің өз еріктерімен Жылқыбай Нұрбековтің өлеңдерін баспасөз беттерінен іздеп тауып жатқа айтуы оқырмандар мен барша қашықтықтан қатысып отырған оқырманды тәнті етті.

Біз үшін үлкен жаңалық Жылқыбай Нұрбековтің соңында қалған жалғыз тұяғы, ұрпағы, қызы 73 жастағы Амантаева Торғай Жылқыбайқызының әкесі туралы сыр сұхбаты мен қолында қалған жалғыз сүгіреті болды. Әкесінің өлеңдерінен үзінді оқып берді. Нұраталды ауылының тұрғыны, еңбек ардагері, зейнеткер 92 жастағы Оспанова Рымжан апамызда (жергілікті ақын Ермек Мұстафиннің қарындасы) естеліктерімен бөлісіп өлеңдерін сөзбе сөз, суырып салмалықпен еш қатесіз айтып рухымызды көтеріп тастады. Айналдым ақ жаулықты аналарымыздан деп көзімізге еріксіз қуаныштың жасы келді.

Беймәлім есімдер айдарымен өткен шарада Жылқыбай Нұрбековтің шығармашылығы туралы жергілікті баспасөз беттерінде жарияланған қаламгер Ғаббас Смағұловтың, Рымқұл Сүлейменовтің мақалалары туралы да ортаға салынды. Сонымен бірге белгілі жазушы Жайық Бектұровтың құрастыруымен шыққан «Песни о тебе, Караганда» кітабында ақынның «Нұра» өлеңі орыс тілінде аударылып берілген.

Ғаббас Смағұловтың «Көңілі күйге, көкірегі жырға толы еді» мақаласында (Орталық Қазақстан. – 2004. -27 қаңтар) «Небары 28 жыл өмір сүрген жас талант осы жылдарда ондаған лирикалық өлеңдер жазып, туған жер табиғаттың, замандастарының жарқын істерін, тыл мен майдандағы өшпес ерліктерді жырға қосады. Бойындағы талант - дарының жарқырата ашуға септігі тиген жана заманға шынайы ризашылығын жарқын талант қайтыс боларынан бір жыл бұрын «Советтік Қарағанды» газетінде жарияланған «Бақытты жастық шағым үшін» атты тілі төгілген шалқымасында былай білдіреді: «Мен ен дәуірде еркін тыныстаған еркін азаматпын. Менің денем өшпес бақыт нұрына бөленіп, жүрегім еркін өмірдің ізгілік шырайына суарылған. Мен шыр етіп дүниеге келгенде жарық күнді көрдім, күн емес-ау, күннен де күшті нұрды көрдім. Осы нұрдың алақанында аяланып, алтын бесігінде тербеліп өскен мен сияқты ерікті азаматтың өмірден алатын үлесі де көп, өмір үшін атқаратын борышым да көп». Өкінішке орай, дарынының толысып, шабытының шалқыған шағында асқынған ауруы індеп, 1948 жылдың қазанында өмірден өтеді деп баяндаған.

Сонымен бірге шара басында оқырман назарына Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы қорынан алынған 1945 -1948 жылдарындағы «Советтік Қарағанды» газетінің бетіндегі Жылқыбай Нұрбековтің шығармалары көшірмесі ұсынылды.

Жылқыбай азаматтық лирикаға бой алдырған ақын. Оның туындылары «Отан махаббаты» (1945), «Жиырма бес» (1945), 1947 жылы жырық көрген «Менің қалам» поэмалары болып табылады. Өшпестей артында сөз қалдырған Жылқыбай ақынның бір жинағы жоқтығы өкінішті-ақ. Ақын тірі артында елі барда, өлең тірі іздейтін оқырманы барда деп жинақталған ақпараттармен топтастырылып, бір жинақ шығатынынан үміт үзбейміз.

Гүлдана ЖАРКЕЕВА,
Н.В.Гоголь атындағы Қарағанды облыстық ғылыми әмбебап кітапханасы, Өлкетану әдебиеті бөлімінің қызметкері. Қарағанды қаласы

ЗЕЙНЕТКЕРДІҢ СЫЙЛЫҒЫ

Кітап оқу – адамға өзіндік әсер етіп, оның адам болып қалыптасуында маңызды роль атқарады. Кітап оқу мен кітапханаларды қолдау – қоғам дамуының басты міндеттерінің бірі екенін ескере отырып, Алматы облыстық әмбебап «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы аясында кітапхана қорын әр саладағы көркем әдебиеттермен толықтырып, жастарды рухани және патриоттық тәрбиеге баулу, оқырмандарды кітап оқуға тартып жүр. Игі акция биыл да жалғасады.

«Кітапханаға кітап сыйла». Осы ұранды ту еткен Алматы облыстық әмбебап кітапханасы акция ұйымдастырды.

Акцияның мақсаты – кітапхана қорын толықтыру, кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру. Оқырмандарға жақсы кітаптарын кітапханаға сыйлауға, өзге адамдардың да осындай керемет қадам жасауына жол ашу. Кітапхана қорын

Акция барысында 2000-ға жуық кітап жинақталды. Акцияға зиялы қауым өкілдері де белсене ат салысты. Атап айтсақ, жазушы Әли ЫСҚАБАЙ кітапхана қорына 600, Елдос Тоқтарбай, 700, Гүлғайша Жармұхамедова 300 кітап табыстады.

Талдықорған қаласының тұрғыны Манарбек Ағалиев те кітапқа екінші өмір сыйлап,акциямызға қолдау танытты.

Кітапхана қызметкерлері қоғамдық көліктерге, акция туралы хабарландырулар іліп, қала тұрғындарына брошюра таратты.

Егер үйіңізде оқып қойған кітаптарыңыз болса, кітапқа екінші өмір сыйлаңыз.Әр оқырманды өз кітабымен қауыштыратын киелі орда – С.Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасы сіздерді асыға күтеді.

Мөлдір ҚУАНДЫҚ,
С.Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасының баспасөз хатшысы. Талдықорған қаласы

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ

Осыншама толағай табысқа қол жеткізудің кілті халқымыздың даналығы, ұл-қызымыздың саналығы, жанқиярлық еңбегі мен Тәуелсіздігіміздің мәңгі символына айналған Елбасының төккен тері дер едік. Ендігі міндет – қуатты елге айналу, кемелдікке қол жеткізу, ұлттық жаңа болмысымызды қалыптастыру. (А.С.Қыдыршаев, Д. Ж. Танзенов. Жолдау өзегі – ұлттың жаңа болмысын қалыптастыру // «Үш қоңыр» газеті, №37, 11 қыркүйек 2020 жыл, -1-бет). Осы орайда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тіліміздан, діліміз бен дініміздан айырылып қала жаздадық. Оның бәрі Тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды. Бірақ ұлт пен ел ретінде сақталып қалу үшін бүгінгі және болашақ ұрпақ жаңа сын-қатерлерге дайын болуы керек», - дей келе: «Тамырымызды берік сақтауымыз қажет. Ұлттық болмысымыздан, төл мәдениетіміз бен салт-дәстүріміздан ажырап қалмау – барлық өркениеттер мидай араласқан аласапыранда жұмылып кетпеудің бірден-бір кепілі», - деп тұжырымдайды.

Расында да, бүгінгі Тәуелсіздік құрдастары ел тәуелсіздігін ешбір дәлелді қажет етпейтін аксиома сынды көреді. Десек те, Тәуелсіздік құндылығы жадына біржола шегеленіп, мәңгі сақталуы үшін өскелең ұрпақ оның қадірін білуі тиіс. Себебі бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Осы жолда ата-бабаларымыз небір зұлмат замандар мен қанқұйлы нәубеттерді басынан өткерді. Олай болса, бұл ретте жас ұрпақтың тарихи санасы айқын әрі берік болуы жолында кешенді іс-шараларды қолға алу қажет-ақ. Осы орайда Ел Президенті: «Көркем және деректі тарихи туындыларда мемлекеттілік және мемлекетшілдік идеясы әрдайым көрініс табуы қажет. Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды. Тәуелсіздігіміздің мерейтойы аясында осындай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек»,- деп жазады. Одан әрі: «Биыл әйгілі Желтоқсан оқиғасына 35 жыл толады... Азаттықтың алғашқы қарлығаштары– Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихатталуы керек», - деп түйеді. Сөзсіз, аксиомалық мәселе, тек қана ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған шежіре ғана ұрпақ санасын оятып, ұлттың жадын жаңғыртуға зор мүмкіндік берері даусыз.

Президент мақаласында егемендігіміздің мәңгілік үштағаны Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейін кең көсілген байтақ жеріміз, ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған қастерлі тіліміз және барлық қиындықтан халқымызды сүріндірмей алып келе жатқан береке-бірлігіміз екенін қозғай келе, осы үш құндылықты көздің қарашығындай сақтауды баса айтады. Бұл ретте Мемлекет басшысы: «Аумақтық тұтастығымызға күмән келтіріп, тату көршілік қатынастарға сына қаққысы келетін кейбір шетел азаматтарының арандатушылық іс-әрекеттеріне ресми және қоғамдық деңгейде тойтарыс бере отырып, ағартушылық жұмыстарын ұстамдылықпен жүргізген жөн. Біз ұлттық мүддені аспен де, таспен де қорғауға дайын болуымыз қажеттігін тағы да баса айтқым келеді», – деп шегелейді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Еліміздің басты нышандарының бірі – мемлекеттік тіл. Қазақ тілін, шын мәнінде, бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және кепілдіктері қалыптасты. Мәселе – ниетте. Ниеттің дұрыс болуы қазақ тілін меңгергісі келетін адамдарға да, осы мақсатқа жетуге жағдай жасайтын Үкіметке де байланысты... Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы», - деуі аса өзекті мәселе. Турасын айтсақ, тілдің қадірін білмеген кімнің қадірін білмек. Әрине, тіл мәселесіне қатысты бұрын-соңды ешкім айта қоймаған тың ой айту оп-оңай шаруа болмас. Өзімізге салсақ, бұрын айтылған ойды қайта-қайта қаузауға құмар емеспіз. Десек те, алдыңғы кезекте айтыла тұрса да, қолға алынуы кешеуілдеп жатқан, жүзеге асуы әлі де үйлесіңкіремей тұрған, не көзден таса, көңілден қалыс қалыңқырап жүрген кейбір кезек күттірмес қомақты мәселелерге акцент беру орынды. Әсіресе, Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында мемлекеттік тілге қатысты бірқыдыру елдік мәселелерді тілге тиек ету заңдылық іспетті. Мәселен, осы орайда қолымызға жаңа Қазақстанның жастарына арналған «Менің 100 кітабым» кітапханасы сериясы бойынша Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ақыл-парасат кітабын» қайтара алдық. Еңбекте «Тәуелсіздік – тәуекелі тұратындардың еншісі» тақырыбында Елбасымыздың ұлт Тәуелсіздігі туралы 45 пікір-тұжырымы, ал мемлекеттік тіл хақында «Ұлттық сана ұлттық тілмен қалыптасады» тақырыбында 135 тұжырымды қағидалары топтастырылып оқырманға ұсынылған. Бұл – «көсем-қиында, шешен-жиында» дегендей, Елбасымыздың Ел Тәуелсіздігі тұсындағы, яғни, сандаған жылдар бойғы алуан жағдаяттар белесінде қорытқан толайым түйіндері. Бұл аз емес. Енді осы 180 толымды түйін таратыла-таразылана өз шешімін табуы тиіс. Бастысы осы 180 толағай тұжырым бүгінгі саналы жаңа ұрпақ санасына егілуі тиіс (Назарбаев Н.Ә. Ақыл парасат кітабы. Алматы, RS; Халықаралық Абай клубы, 2015. -316 бет). ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Тәуелсіздік – тарихтың мәңгіге бөліп берген еншісі емес, халықтардың мамыражай өмір сүруіне берілген кепілдік те емес: аңғал болмағанымыз абзал»,-деп бастайды. Орынды айтылған сөз – орнына қағылған шеге. Тыңдалмаса – сөз жетім. Ендігі кезекте дуалы ауыз кеудесін кере айтылған мәңгілік мәмілені әрбір ұлт ұрпағы саналы тұрғыда жан жүрегімен ұғатындай етуіміз қажет. Одан әрі Елбасы: «Тәуелсіздік – тәуекелі тұратындардың еншісі»,-деп бекіте түседі. Шынында да, тәуекелі тұратындардың ғана қолы жетпесе, Тәуелсіздік киелі бола ма? Азаппен, арпалыспен келмесе, Азаттықтың құны бола ма? Оңайлықпен келсе, оның қадір-қасиеті бола ма? Қадірі жоқ нәрсе қолда ұзақ тұра ала ма? Бүгінгі ұрпақ Ел Тәуелсіздігінің қадірін жете сезіне ме? Біздіңше, бұл сауалдар бойынша бір кісідей терең ойлану өз алдына, осы жолда әр кез

қамдану керектігі айқын. Қуанарлығы – Тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстанның өзінің бірде-бір қадамымен, іс-әрекетімен немесе тіпті бірде-бір сөзімен өңірлік және жаһандық қауіпсіздікке нұқсан келтірмеген мемлекеттің бірегей үздік өнегесі тұрғысында әлемге танылуы жан дүниеңді марқайтады. Елбасымыз: «Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі, Тәуелсіздікті мәңгі ұстап қалу одан әлдеқайда қиын. Бұл – әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткерген тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа жөнсіз тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген»,-деп саралайды. Демек, Тәуелсіздік Туын тігуге қаншалықты қажыр-қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға да соншалықты қажыр-қайрат керектігі айдай анық. Сондай-ақ, Тәуелсіздіктің тұғырын бекемдей түсу жолында баса салмақ салар мәселелердің өзі бір шоғыр. Мәселен, халық айтса, қашан да қалып айтпайтыны рас қой. Бабалар сөзіне сүйенсек, тілін білмеген түбін білмейді. Елбасы айтпай ма: «Бойында қаны бар, намысы бар әрбір азамат: «Енді тәуелсіздікті қалай кемелдендіреміз, елдің көсегесін қайтсек көгертеміз?!» деп ойсанасын қамшылауы керек» деп. Демек, бүгінгі оқу-тәрбие жұмысын осы бағытта аса сақтықпен саналы түрде өрбіту қажеттігі күн тәртібінен түспеуі тиіс, тіпті бұл бағыттағы кешенді жұмыстарымызды еселеп арттыру қажет, ұлттық дәстүрге айналдыру шарт. Қолға тиген киелі Тәуелсіздігімізді сақтау жолында еліміздің әрбір азаматы ойлануы тиіс. Бейқамдыққа, аңғалдыққа жол жоқ; Тексіздік – тілсіздіктен. «Тілі бар халық – халық, Тілі жоқ халық – балық» демей ме атам қазақ. Қазақтығымыз – қасиетіміз. Қазақтығымыздың басты белгісі қазақша сөйлеу емес пе. Ұлт Ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Жиырмасыншы ғасырға шейін түрік тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті»,-деп жазады. Тіл қаруы – сөз. Тіл – әдеп басы. Демек, ағайын-ау, сөзің-өзің емес пе. Ендеше, бүгінгі қоғамдағы тіл тазалығын сақтауды ескеру, сөйлеу мәдениетінің құлдырауына мысқал да жол бермеуге баса басымдық жасау – парыз іс. Осы бағыттағы соны зерттемелерді, тың талдамаларды қаржылай қолдау – кейінгі ұрпаққа қажет мол қор жасауға алғышарт; Тіл – ақылдың өлшемі. Елбасы айтады: «Қазақ тілі – ғажап тіл. Оның болашағы да ғажап. Тек оны насихаттай білуіміз керек. Ғажап тілді азап тіл сияқты етіп көрсететін оқулықтардан құтылуымыз керек» деп. Демек, еліміздегі мектеп оқулықтары тілінің сапалығы да – бүгінгі аса ауқымды мәселе қатарында; «Туған жер – тұғырың, туған тіл – қыдырың». Елбасы айтады: «Отаршыл заманды еске салып, халықтың намысына тиетін атауларды да, тілдің төл заңдылықтарын, табиғи үйлесімін бұзып тұратын атауларды да өзгерту керек» деп. Өкінішке орай, бұл құбылыс қоғамымызда әлі сіресіп тұр, тоңы да жібіген жоқ. Бұған не себеп, не кедергі? Сана төмен бе, әлде етіміз үйреніп кетті ме? Әлде бұған бұрылар мұрша жоқ па, әлде мүмкіншілік кем бе? Тіл – ұлттың жаны, ойдың шындығы, көңілдің тілмашы, елшінің қылышы. Елбасы айтады: «Қазақстанның тәуелсіздігі бейбіт жолмен келді. Бұл – азаттық үшін алысқан мың-мыңдаған азаматтардың қасиетті қанының өтеуі. Бұл – бүкіл тарихында өзгелерге қиянат жасау дегенді білмеген халықтың пейілінің қайсарлығы... Еңсесі түскен елдің есін жиғызған, жапа шегіп, зар жылаған халықтың көзінің жасын тыйғызған кімдер еді. Азаматынан айырылған арғымаққа қайтадан ер салдырған, тұтастық туын қолға қайтадан алдырған кімдер еді? Қасиетті бабаларымыз – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би еді» деп. Сондай-ақ, «Ел ебелек емес, ер көбелек емес» деп, аузымен құс тістеген қаһарлы қалмақ ханының алдына тайсалмастан шығып, «Біз қазақ деген мал баққан елміз, Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Еліміздің құт қашпасын деп, Жерімізді жау баспасын деп, Найзамызға үкі таққан елміз. Жау аяғына басылмаған елміз, Ешбір дұшпан басынбаған елміз, Басымыздан намыс асырмаған елміз...» деп келетін халық сөзін айтқан 15 жасар Қазыбек сынды ұлт ұлын еске алайық. Бұл ел рухын шыңдап, халықтық қаһармандықты ширықтыру бағытындағы жүйелі жұмыстардың әлі де молынан қажеттілігін айғақтайды. Демек, тіл мәселесі – аса күрделі де жауапты мәселе. Асығатын да, аптығатын да, тіпті ретін тауып саяси ұпай жинап қалатын да жер бұл емес. Бұл орайда науқаншылдыққа да орын болмауы тиіс. Басқалардан қалып қоймайық деп қазірше қолдан келмейтін, тек қоғамды әуре-сарсаңға түсіргеннен басқа ештеңе бермейтін жартыкеш жарымжан жоспарларды, баянсыз бағдарламаларды қою керектігін басты кредо тұтпасқа болмас. Жалпы білім беру, ағарту, тілді үйрету, меңгерту, тілдік дағды қалыптастыру мәселелері ғылымда салған жерден бола қалмайды, алдын ала эксперимент нәтижесінде ғана ғылыми негізделіп, өрісі кеңеймек. Олай болса, тілді оқып-үйрену мәжбүр ету арқылы емес, саналы түрде, жұрттың барлығы үшін бала жастан басталуы, ұйымдық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі тиіс. Елімізде тұратын әрбір азаматтың осындай ғылыми көзқарастың қажеттілігін айқын ұғынып, қолдарына дау жоқ. Қысқасы, жақсылық та, жамандық та тілден. «Тіземнен сүріндірсең сүріндір, тек тілімнен сүріндірме» демей ме атам қазақ. «Аз сөйлер де, көп тыңдар қас асылдың баласы» деп Махамбет бабамыз айтқандай, ұлт Тәуелсіздігін кемелдендіру, ел көсегесін көгерту, тіл мәртебесін арттыру жолында ұлтжанды ұлдардың ісі бітер ме. Бүгінгі таңда сөзден жаңылып, ізден адасатын ретіміз жоқ. Себебі небір қиын да күрделі кезеңдерде ұлтты қожыратпаудың қуатты қаруы болған қазақ тілі – бүгінгі өмірімізде де ұлтты тұтастандырудың таптырмас тегеурінді тетігі.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы бағдарламалық ауқымдағы мақаласында: «Бізді қай заманда да қиындықтардан аман алып келе жатқан басты құдірет – ел бірлігі. Ынтымағы жарасқан жұрттың қашанда ұпайы түгел... Ұлтаралық татулық пен келісімді сақтау – мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның және әрбір азаматтың міндеті», -деуі жас Тәуелсіз елімізге ауадай қажетті өзекті ой. Себебі, бірлік – тіршілік көзі, бірлік – ырыстың мерейі, бірлік – ұлтты сақтаудың бір кепілі. Демек, ел бірлігі – ең асыл қасиет. Бірлік біздің қасиетті туымыз дерлік. Ал туды биікте желбірете ұстаса ғана сәнді. Бірлеспеген білектің әлсіз боларын білеміз. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарғанға не жетсін! «Біріккен екі бірлігі жоқ жетіні жеңеді». «Біріккен жүз бытыраңқы мыңды алады». Саусақ бірікпей, ине ілікпесі, қол жұмылмай жылынбасы аян. Кеңесшіл ел азбасы, кеңесіп пішкен тон келте болмасы белгілі. «Төртеу түгел болса – алар, алтау ала болса алдырар». «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді». «Екі ауыз біріксе, кер ауызды басады». Қысқасы, ынтымақ – бұзылмайтын қорған, бірлесе еккен ағаш – орман. Айналып келгенде, береке басы бірлікте. Одан әрі тереңімізге үңілсек, түркі бабаларымыз бірлікті елдің іргесі сөгілмесін кейінгі ұрпаққа айтуды парыз санағандықтан, ғибратты сөз түйіндерін тасқа қашап жазып, дала заңдары тек достық пен бауырластыққа негізделгенін аңғартқан. Анақарыс (Анахарсис) сынды арысымыз бақытты шаңырақты жалтылдаған сәнді сарай емес, жан жарыңның, жақын-жораларың мен сүйкімді балаларыңның сыңғырлаған күлкісі, ырысы мен ынтымағы тұрғысында түсініп, үйді балташылар мен тас қалаушылардың еңбегінің ғана емес, үй ішінде тұрып жатқан адамдардың өзара қарым-қатынасының жемісі деңгейінде пайымдаған. Тоқсары (Токсарид) данышпан достық туралы көп сөзден достық пейілді бір іс артықтығын болжайды. Тоныкөк (Тоң-ұқық) баһадүр түнде ұйқы көрмедім, күндіз күлкі көрмедім, қызыл қаным төгілді, қара терім сөгілді, күшімді сарқа жұмсадым, жауға да шаптым құрсанып, бәрі де ел үшін деп еңселі ой тастайды. Білге (Мерген) қаған ел болып бірігуден асқан бақыт жоқтығын баса айтады. Күлтегін сынды арлы азамат бек ұлдарын құл болмасын десең, пәк қыздарын күң болмасын десең, бірлік керектігін, тату елге тыныштық пен тоқшылық қашан да нәсіп боларын айтып кеткен (А.С.Қыдыршаев. Заманауи еуразиялық идеяның басты тірегі – ел бірлігі // «Ұлт санасының жаңғыруы және Ұлы дала құндылықтары» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция материалдары. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2019 -84-87-б.б.)

Жаңа Тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы, оның бірлігін қамтамасыз етуші, ел Атазаңын, адам мен азаматтың құқы мен бостандығын қорғаушы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ақыл-парасат кітабына» ел бірлігі хақындағы 60 ой-толғам енгізілген. Бір ғажабы, олардың әрқайсысы – асыл афоризм, кесек алтын ойдың үзігі дерлік дүниелер. Елбасы ой-толғамдарына бойлай айтсақ, бақ та, тақ та таласқанға бұйырмайды, халықтық іс тек жарасқанға бұйырмақ. Бақсақ, біздің бабаларымыз тірі болуы үшін бір болған, ендеше біз ірі болу үшін бір болуымыз керек. Тек бірлесіп қана, бүкіл халықтың күш-жігерін біріктіріп қана алға баса аламыз. Қазақ елінің Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев: «Егер де халықтың бірлігі болмаса, отансүйгіштік жанқиярлығы болмаса, бұл жер де, қазақ халқы да, Қазақстан да тәуелсіз ел болмас еді»,-деп орынды ой қозғайды. Турасын айтсақ, ауызбіршілік жоқ жерде ешқашан ұлттық идеялар жүзеге асқан емес. Бұл орайда да Елбасы: «Қазақты еш уақытта сырттан жау алған емес, ала алған да емес, қазақ, әлсіресе, алауыздықтан әлсіреген, күшейсе, бірліктен күшейген». «Бабаларымыз өзгелердің төріне шығу үшін өзі де мейманданына қақ төрден орын беріп, құрмет көрсеткен»,- деп ой қорытады. Олай болса, еңсесі биік елдікке есі кеткен ғана топырақ шашады. Өз халқын сүйетін адам, өз жұртына жақсылық тілеген кісі өзге халықтарды ашындырмайды, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймайды.

Анық білеріміз – егер қандай да бір ел тұрақтылықтан айырылса, онда күллі жаһандық тыныштыққа қауіп төнгені. Бұл ретте тұрақтылық саяси мәселелерді шешудің күшке негізделмеген тәсілдеріне көбірек сүйенгенде ғана сақталмақ. Бұған қоса айтсақ, «популизм» «этнопопулизм» деген ұғымдар бар. «Популизм» латын тілінен аударғанда «populus» деген сөз, халықтың құқығы мен мүддесі үшін күрес дегенді білдіреді. Популизм – жекелеген адамдар тобының, кейбір басшылардың адамдардың көңіл-күйлерін қалыптасқан жағдайларға байланысты өз мүддесіне пайдалануы. Заманауи саяси лексикондағы «популизм» түсінігі көп жағдайда саяси күрестердегі тактикалық әдістердің құралдарын анықтауда, көпшіліктің қоғамдық санасының апелляциясына байланысты жиі қолданылады, максимализм және саяси шешімдерді бірыңғай бейімдеп қабылдауда да қоғамдық өмірде көрініс береді. Ал «этнопопулизм» ұғымы ұлттық ділге (менталитетке) бағыттала таразыланады. Бұл реттегі Елбасы түйіндері де ойлантпай қоймайды. Мәселен, Елтұтқасы: «XXI ғасырда елдерді ұлы және қосалқы, бастаушы және еруші елдер деп бөлу өркениеттілік тұрғысында мүлде ескірген. Үстемдікке ұмтылу инерциясы прогреске апармайды. Ол планетамыздың жекелеген елдер мен аймақтарын жаһандық дамудан шетқақпай қалдыру қаупін туғызады. Бұл – баршамыз үшін де тығырық», – деп жазады. Бүгінде айқыны популистер саяси ұпай жинау үшін ештеңеден тайынбайды. Ең бір қасиетті ұғымдарды да саудаға салады. Олар адамдардың үлкен уәделерге, даңғаза ұрандарға оңай иланатындықтарын да жақсы біледі. Қоғамның небір күрделі мәселелерін оп-оңай шешіп тастауға уәде береді. Ал ондай жол көбіне-көп біреу-ақ: өз халқыңды жұрттың бәрінен де артық халық деп ұғындырып, оны басқаларға қарсы айдап салу. Ал этнопопулизм – демократиялық қоғамның денесіне шыққан безеу емес, дерт. Онымен ұдайы күреспей болмайды. Ол жағдайға байланысты тез өзгеріп тұрады. Қоғамды одан әрі жетілдіргенімізде де қыр соңымыздан қалмайды. Мұндай кесапатпен әкімгершілік жолмен де, идеологиялық жолмен де күресіп, көп ештеңе бітіре алмайсың. Онымен күрестің жалғыз жолы – адам материалының сапасын жақсартуға күш салу. Бүгінгі әлем төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңінде қадам басуда екенін ескерсек, жаңа технологиялық қалып біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді түбегейлі өзгертерін ойланбасқа болмайды. Олай болса, ұлт әлеуетін арттыру үшін мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамытуға тиіспіз. Рухани жаңғырудың мән-маңызы нақ осында. Бүгінгі таңда өз тарихын, тілін, мәдениетін білетін, заманына лайық шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық – қазіргі қоғамымыздың идеалы. Біз XXI ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт ретінде «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз. Күллі әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы тиіс.

Асылы, жақсылықты жадында сақтай білген елдің рухы қашан да биік. «Өткенге қарап, ертеңіңді түзеу» өсиетін ұстансақ, өткеннің өнегесі баға жетпес байлық екенін танимыз. Осыны жадында тұтып, тарихтан тағылым ала білген халқымыз Тәуелсіздік дәуірінде татулық пен бірліктің, тыныштық пен тұрақтылықтың арқасында талай келелі толағай табыстарға кенелуде. Берекелі бірлігімізді көздің қарашығындай сақтай алсақ, мерекелі тірлігімізге төнетін қауіп жоқ. Ең дұрысы, елдік тұтастыққа жік түсіретін, ағайын арасын суытатын қадамдардан аулақ болу жөн. Ал рухы биік тұлғаның рухани құндылықтарға терең бойлай білген, тұла бойына ауадай сіңдіре білген, құнарлы нәр іспетті ұялата білген тұлғаның осы үдеден табылары анық.

Қысқасы, аталған мәселелердің қай-қайсысы да – елдің елдігін, ертеңін ойлай айтылған мәселелер. Президент айтқандай, бұлардың бәрін де қазақтың қанына сіңген қасиет – келелі істі ақылдасып бірге шешу дәстүрін де жалғастыра береміз... Қандай жағдайда да елімізде, ең алдымен, адамның құқығын толығымен сақтауға негізделген заң мен тәртіп болуы керек. Анархия мен жүгенсіздік жақсылыққа апармайтыны анық. Бүгінгі XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Қазірге кезеңде де «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» (Абай). Ел Президентінің мақала соңындағы: «Біз не істесек те, бәрін келер ұрпақ үшін жасаймыз. Ең ғажайып ерліктер Отанға шексіз сүйіспеншіліктен туындайтыны сөзсіз. Шын отансүйгіштік дегеніміз – жалаң ұран тастау емес, еліңе, халқыңа қызмет ету. Адам баласы дүниеге патриот болып келмейді... Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Осы жолда «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс», - деген түйіні әбден қолдарлық, үлкеніміздің де, кішіміздің де әркез ескерер басты кредомыз болуы тиіс.

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Тұрар ШАЙХИЕВ,
«Рухани жаңғыру» институтының ғылыми қызметкері

Әдебиет — ардың ісі
Үш қоңыр
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ

Өнер
№2 (521) 15 қаңтар 2021 жыл

...ӨНЕРІ – ӨМІРІ

Өмірін өнермен өрнектеген Қарағандылық талантты суретші Бейбіт МҰСТАФИН ағымдағы жылдың қаңтар айында 60 жасқа толып отыр.

Осы мерейлі мерекемен талантты суретшіні құттықтағымыз келеді. Мұстафин Бейбіт Ермекұлы көптеген аймақтық, республикалық, халықаралық және шет ел көрмелеріне қатысқан. 1961 жылдың 18 қаңтарында Қарағанды қаласында туып өскен, 1994 жылдан Суретшілер Одағының мүшесі, Мәдениет қайраткері. 1983 жылы Жезқазған педагогикалық институтын оқып бітірген. 1983-1994 жылдар аралығында Жезқазған педагогоикалық институтында қызмет жасап, кейіннен Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік Университетінің бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды, доцент.

Алғашқы туындыларының өзінде-ақ жеке шығармашылығына тән және кейін келе дамып, өзіндік сипатқа ие болатын аса маңызды қасиеттердің айқын аңғарылатынын айта кету керек. Ол қасиеттер, әуезді үйлесімділік талғам, түстердің классикалық

тұтастығының әсерінен халық дәстүрімен терең байланысқан болмысы түрінде көрінеді. Суретшінің біздің Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінің қорында бірнеше жұмыстары бар «Қонақ күту», «Республика алаңы», «Шалқыма концерт залы», «Шілдехана жаршысы» бұл туындылар жаңа да жарқын ізденістердің басы іспеттес.

Жаңа ғасыр табалдырығынан аттаған кәсіпқой суретшінің туындыларының сезімге ұрғыш, жан-жақты, ерекше бояулы және де күрделі тақырыптары, өнер иесінің самғауы биік, арман-қиялға толы, нағыз шеберлікті танытатын ерен ерекшелігімен айрықша. Сезім байлығы, дарын-даралығы, ойшылдық тереңдігі арқасында рухани іс-әрекеті жүзеге асатын талғампаз суретшінің талай туындылары, сарқылмас жаратылыс жұмбағын, тіршілік тынысына терең мәнмағына дарытатын жаңа түр, жаңаша ою-өрнек, бояумен қанатын кең жаяды деп үміттенеміз.

Бейбіт Ермекұлы жан-жақты суретші бүгінгі

күнде ол мүсін өнерімен де айналысып жүр. Қазақ халқының қайталанбас тұлғасы, біздің ұлттық мақтанышымыз, дауылпаз ақын, қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі, мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфулиннің өр тұлғасын Нұра ауданының Киевка кентіндегі орнатылған ескерткіштің авторы Бейбіт Мұстафин болатын. (2012ж. Қазан).

Сәкен-қазақтың елдігінің, ақындығының, ақылпарасаты мен сұлулығының белгісі. Сәкен сынды аты аңызға айналған алыптың өмірі-мәңгілік өмір, оның тындырған ісі, артына қалдырған мұрасы-бүгінгі және келер ұрпаққа өшпес өнеге.

2020 жылы Ұлы Абайдың 175-жылдығына орай Қарағанды облысы, Абай қаласында Ұлтымыздың Ұлы ұстазы Абай ескерткіші ашылды. Бұл ескерткіштің де авторы Бейбіт Мұстафин. Шағын шаһардың шырайын енгізіп тұрған ұлттың ұлы тұлғасының тұғыры биік мүсіні шынында да асқақ рухтың айғағындай әсер қалдырады.

– Мемлекет басшысының «Рухани жаңғыру» бағдарламасының басты өзегі өткеннің өнегесін бағамдау, оның қасиеті мен киесін жас ұрпақтың санасына сіңіру екендігі белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, қазыналы қала төрінде қазақ халқының ұлы ақыны Абай ескерткішінің ашылуы-барша қала халқы үшін тарихи маңызы бар айтулы оқиға екені сөзсіз.

Бейбіт МҰСТАФИН

ішінде арнайы құрылған комиссияның қорытындысы бойынша Б.Мұстафиннің жұмысы лайық деп танылған.

– Бұл сәулеттік туынды арқылы біз еркіндікке ұмтылу идеясын, Бұқар жыраудың хандарға ақылшы,

Абай бейнесі-әр қазақтың жүрегінде. Ұлттың рухани ағартушысы, халқына өшпес мұра қалдырып, қазақ әдебиетін әлемдік деңгейде мойындатқан тұлға рухына лайықты құрмет көрсете білу-қастерлі парыз.

Суретші, мүсінші Бейбіт Мұстафин тағы да бір қазақтың біртуар ұлдарының бірі Бұқар бабамыздың ескерткішінің авторы.

Халқымыздың біртуар перзенті Бұқар жыраудың ескерткіші (2014ж.) Қарағанды облысының, Ботақара кентінде (Бұқар жырау ауданында) ашылды.

Төл тарихымызда өзіндік өшпес ізін қалдырған ардақты бабаларымызды әрқашанда мақтан етеміз. Солардың бірі Бұқар жырау Қалқаманұлы. Кезінде тамаша дарынымен «Көмекей» әулие атанған ардақты халқына басшы болған өр рухты өжет тұлға екенін көрсеткіміз келді,-дейді ескерткіш авторы Бейбіт Мұстафин.

Ия, Бейбіт Ермекұлы бұдан да басқа бірнеше хас батырлар мен еліне еңбегі сіңген өр тұлғалы азаматтардың бейнесін сомдаған талантты мүсінші.

Сөз соңында Бейбіт Ермекұлын мерейтойымен құттықтап Зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке және сарқылмас шығармашылық шабыт, отбасына амандық, шығар шыңдарыңыз әрқашан биік болғай деп тілегіміз келеді.

Суретте Б.Мұстафиннің Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейі қорындағы туындылары.

жырау бабамыз Алаштың айбынды Абылай ханының ақылшысы болғаны тарихтан белгілі. Осындай өр тұлғалы перзентіміздің бейнесін сомдау бақыты Бейбіт Ермекұлына бұйырған. Республикалық конкурс жарияланып, жалпы саны 21 эскиз ұсынылған, соның

Мейрамгүл ЕЛУБАЕВА,
Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейі ғылыми-әдістеме бөлімінің меңгерушісі.
Қарағанды қаласы

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ
Директор – Бас редактор
Болат БАТЫР

● Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінен 7 шілде 2016 жылы тіркеуден өтіп, №16061 –Г куәлігі берілді.
● *(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №10414 –Г,10.10.2009 ж.)*

● «Үш қоңыр» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
● Газеттің терілуі мен бет қатталуы «Үш қоңыр» редакциясының компьютер орталығында жасалып, «Дәуір» ЖШС баспаханасында (Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17 –үй) басылды.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Суреттердің сапасына редакция жауап береді.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
● «Үш қоңыр» газетінің жазылу индексі: 64311
● Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.

e–mail: ushkonyr_gazeti@mail.ru
Мекен–жайымыз: 040900, Алматы облысы, Қаскелең қаласы, Б.Момышұлы көшесі, 4
Редакция телефондары:
Алматы қаласы: 8701–981–81–22
Таралымы 10000 дана Тапсырыс 521
Меншік иесі және шығарушы
Болат медиа мекемесі